2020

«КАТКО» КОМПАНИЯСЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ БОЙЫНША ЕСЕП

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БІЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІМІЗДІ ОРЫНДАЙ ОТЫРА

Мазмұны

Кіріспе 1
«КАТКО» компаниясы туралы 2
Бас директордың жолдауы 6
НТК жиынтық графигі 9
COVID-19 қарсы шараларды қабылдау 10
Есептің әдіснамасы мен мазмұны 60

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕР

«КАТКО» басқару құрылымы 15
Корпоративтік саясат 17
Мүдделі тараптардың үміттерін түсіне отыра 18
Бүкіл әлем бойынша жауапты тау-кен қызметі 20

КӘЖ ЖҮЙЕСІ

КӘЖ тәсілі 23
КӘЖ іргелі қағидаттары ... 23
5С тәсілі және КӘЖ бойынша міндеттемелер .. 24
Денсаулықты сақтау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік бойынша НТК жиынтық графигі 26

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Біздің тәсіліміз 29
2020 жылдағы жетістіктер 30

ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Біздің тәсіліміз 33
2020 жылдағы жетістіктер 34

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК

Біздің тәсіліміз 37
Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару 37
Табиғатты ұтымды пайдалану 38
Биоалуантүрлілік 40
2020 жылдағы жетістіктер 40
Жер құнарлығын қалпына келтіру жоспары 42
Оңтүстік Төртқұдық өтемдік ағаш отырғызу жоспары 42

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫСУШЫЛЫҚ

Біздің тәсіліміз 45
2020 жылдағы жетістіктер 46

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Біздің тәсіліміз 49
2020 жылдағы жетістіктер 51

ИННОВАЦИЯЛАР

Біздің тәсіліміз 57
2020 жылдағы жетістіктер 58

Кіріспе

«КАТКО» компаниясының – қазақстандық уран өндіруші кәсіпорынның және жер асты ұңғымалы шаймалау әдісімен әлемдегі уранды алу жөніндегі ең ірі оператордың (бұдан былай – Компания) Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі (КӘЖ) туралы есебін назарларыңызға ұсынамыз. Француздық «Orano» компаниясы мен қазақстандық «Қазатомөнеркәсіп» арасындағы бірлескен кәсіпорын ретінде Компания атом саласындағы екі жетекші жаһандық операторлардың сәтті серіктестігі болып табылады.

2020 жылдың соңына «КАТКО» компаниясының штаты шамамен 1 200 адамды құрады, олардың көпшілігі оның өндірісі орналасқан Түркістан облысының тұрғындары болып табылады. Компания сонымен қатар жолдама қызметтерді көрсететін және оның инвестициялық жобаларын іске асыруға көмек көрсететін көптеген жергілікті мердігерлермен бірге қызмет етеді.

Өзінің құрылған күнінен бастап, шамамен 25 жыл бұрын, «КАТКО» компаниясы қауіпсіздік техникасы, денсаулықты сақтау және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ) саласындағы инновациялық технологияларға және озық халықаралық тәжірибеге негізделген өз бизнесін тұрғызады. Компания қатысушысы Қазақстан болып табылатын Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасының (EITI) аясында есептілік ашықтығының қағидаттарын ұстанады және тау-кен ісі мен металл бойынша Халықаралық кеңестің тәжірибесін сақтайды (ICMM).

Әлемдік пандемияның туындау сәтінен бастап «КАТКО» көмек көрсете отырып және жергілікті ауылдарды медициналық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ете отырып, өз қызметкерлерінің және мердігерлерінің қауіпсіздігі және амандығы мәселелеріне бірінші дәрежелі назар аударады. 2020 жылы Компания өндірістік учаскелерде COVID-19 вирусын жұқтыру жағдайларын алдын ала алды және жұмысқа қабілеттілікті жоғалтумен нөлдік жарақаттану тапсырмасын орындай алды. Компания сонымен қатар өзінің ұзақ мерзімді және инновациялық жобаларын дамытуды жалғастыра отырып, қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғауға және биоалуантүрлілікті сақтауға назар аударуды жалғастырады.

«КАТКО» білім беруді, денсаулық сақтауды және өзге әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мақсатында жергілікті халыққа жүйелі түрде инвестиция салып келеді. 2010 жылдан бастап жергілікті әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға 1,7 млрд теңге (4,1 млн АҚШ доллары) инвестицияланды, оның 219 млн теңгесі (0,5 млн АҚШ доллары) 2020 жылы бөлінді.

** 2020 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің орташа бағамы бойынша есептелген – 412,95 теңге/АҚШ доллары, дереккөз: https://national-bank.kz/en/news/oficialnye-kursy*

«КАТКО» КОМПАНИЯСЫ ТУРАЛЫ

Энергиямен қамтамасыз етуде бүкіл әлемге көмектесе отырып

«КАТКО» жер асты ұңғымалы шаймалау әдісімен уран өндіретін әлемдегі ең ірі компания болып табылады, сонымен қатар Франция мен Қазақстан арасындағы сәтті халықаралық ынтымақтастықтың мысалы болады. Компания игерудің көміртекті аз пайдаланатын әдісті қолдана отырып, әлемдік уран өндірудің жылдық көлемінен шамамен 7 % өндіреді.

Біздің Миссия

Бүкіл әлемдегі тапсырыс берушілер үшін өз жұмысында қауіпсіздік пен тұрақтылықты, сондай-ақ қызметкер мен тәжірибені негіз етіп ұстанатын үлгілі уран өндіруші компания болу.

Біздің Көзқарасымыз

Өндіруге қатысты табысты инновациялар мен жаңа жобаларды іске асыру арқылы болашақты қамтамасыз ету.

Біздің құндылықтарымыз

- Борыштылық сезімі
- Бір-біріне деген қамқорлық
- Өзгерістерді қабылдай алу
- Рақаттану және қуану
- Сенімділік пен адалдық

1996 жылы «КАТКО» қазақстандық-француздық бірлескен кәсіпорны» ЖШС («КАТКО») Қазақстанның Түркістан облысындағы Мойынқұм және Төртқұдық кен орындарын игеру үшін құрылған. Компания өзінің уран өндіру жөніндегі қызметін дамыту үшін халықаралық тәжірибені және құрылтайшылары болып табылатын «Orano» және «Қазатомөнеркәсіп» компанияларының кәсіби білімін қолданады. Бірлескен кәсіпорынның 51 % «Orano» компаниясына, ал 49 % «Қазатомөнеркәсіп» АҚ тиесілі. «КАТКО» компаниясының бас кеңсесі Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан.

Қазақстан үлесіне әлемдік уран өндірісі көлемінің 40 % келеді. 2009 жылы «КАТКО» жер асты ұңғымалы шаймалау (ЖҰШ) әдісімен уран өндіретін әлемдегі ең ірі компанияға айналды. 2020 жылы Компания өз уранының 45 000 тоннасын өндірді және оған әлемдік өндірістің жылдық көлемінің шамамен 7 % тиесілі.

2017 жылы «Orano» мен «Қазатомөнеркәсіп» «КАТКО» игеріп жатқан учаскесінің жанында орналасқан Оңтүстік Төртқұдық учаскесін игеру туралы стратегиялық келісімге қол қою арқылы өздерінің тарихи ынтымақтастықтарын одан әрі нығайта түсті, бұл өз кезегінде Компанияның алдағы он жыл ішіндегі өндіріс көлемін қамтамасыз етеді.

2018 жылдың қаңтарында «КАТКО» Оңтүстік Төртқұдық қыртыс учаскесін өңдеуді өндіру жұмыстарын жүргізуге лицензия алды. Компания геологтары игеріліп жатқан екі учаскенің жанынан сәйкес уран кен орнын ашты. 2017 жылы тіркелген бұл жаңа ресурстар «КАТКО» 10 жылдан астам уақытқа өндірісін қамтамасыз етеді.

2019 жылы «КАТКО» өзінің қолданыстағы өндірістік учаскелерінің, сонымен қатар жаңа – Оңтүстік Төртқұдықтың жабуы (құнарлығын қалпына келтіру) жобасына мемлекеттік органдардың келісімін алды. Бұл жоба 2023 жылы Оңтүстік Төртқұдықта уранның бірінші тоннасын өндіруге мүмкіндік береді.

«КАТКО» жер құнарлығын қалпына келтіру және ағаш отырғызу жобалары туралы толық ақпарат 42-бетте берілген.

«КАТКО» жылдық өндірісі 2009 жылғы 3 000 тоннадан 2013–2016 жылдар аралығында 4 000 тоннаға дейін өсті, одан кейін «Оңтүстік Төртқұдық» жобасы бойынша лицензия алдындағы жұмыстарды орындауға байланысты 2017 жылы біртіндеп, шамамен 3 500 тоннаға дейін азайды. Компанияның әрекеттегі жобалар бойынша жалпы өндіріс көлемі Оңтүстік Төртқұдық кен орнын игеру басталғанға дейін жылына шамамен 3 200 тоннаны құрайды, содан кейін жаңа жобаны игеру кезінде 4 000 тонна жылдық өндіріс көлеміне оралады деп күтілуде.

«КАТКО» жұмысшыларын өз қызметін жүзеге асыратын өңірлердің тұрғындары арасынан жалдайды. 2020 жылдың соңында қызметкерлер штаты 1 190 адамды құрайды, олардың ішінде 54 % – Созақ ауданының тұрғындары, онда Компанияның өндірістік учаскелері орналасқан, 18 % – Түркістан облысының тұрғындары, 26 % – Қазақстанның басқа аймақтарының тұрғындары және 2 % кем бөлігі шетелдік жұмысшылар.

«КАТКО» КӘЖ саласындағы өз жетістіктерін мойындауды алды. Қызметкерлерді іріктеу бойынша қазақстандық HeadHunter (hh.kz) сайтының нұсқасы бойынша Компания Қазақстанның он үздік жұмыс берушілерінің ондығына кіреді. Сонымен қатар ол қайырымдылық көлемі бойынша 25 үздік компаниялардың бірі болды, 2019 жылы «Самұрық-Қазына» Ұлттық қамқорлық қорының деректері бойынша Компанияның әлеуметтік тұрақтылық индексі 79 % құрады. 2020 жылы Созақ ауданының әкімдігі «КАТКО» компаниясына өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесі үшін «Жыл компаниясы» номинациясында «Жомарт жүрек» марапатын табыстады.

Қызметкерлер алдындағы «КАТКО» міндеттемелері туралы толық ақпарат 48-55 беттерде берілген.

«КАТКО» Компаниясының 25 жылдығын атап өтеді — 2021

«КАТКО» 45 000 тонна уран өндіреді — 2020

«КАТКО» 40 000 тонна уран өндіреді — 2019

«Қазатомөнеркәсіп» және «Orano» «КАТКО» ары қарай дамыту туралы келісім жасады — 2017

«КАТКО» 30 000 тонна уран өндіреді — 2016

«КАТКО» жылына 4 000 тонна өнімділікке жетеді — 2013

Төртқұдықтағы қайта өңдеу зауытының өндірістік қуатын кеңейту — 2010

«КАТКО» компаниясы әлемде ЖҰШ әдісін қолданатын уран өндіретін ірі компания болды — 2009

«Orano» мен «Қазатомөнеркәсіп» арасында «КАТКО» компаниясындағы уран өндірісі көлемін арттыру туралы шарттың жасалуы — 2008

Төртқұдықтағы қайта өңдеу зауытының іске қосылуы — 2007

Мойынқұмдағы қайта өңдеу зауытын пайдалануға енгізу — 2006

Толық өндірістік қуатылыққа өту — 2004

Мойынқұм сынамалы өңдеу зауытының құрылысы — 2000

«КАТКО» бірлескен кәсіпорнының құрылуы — 1996

Уран өнеркәсібі

Уран тауар болып табылады, сондықтан сұраныстың циклділігі оған да тән қасиет. 2020 жылы уранға спот бағалар өзінің көп жылдық максимумына жетті және ары қарай олар өткен жылдардағы деңгейден жоғары болады деп күтіледі. Бұл көп жағдайда келесі он жылдықтың ішінде айқын болатын сұраныстың айқын артуымен байланысты, бұл кейбір уран өндірушілерінің жеткізілімдерінің қысқаруына алып келді. Ядролық материалдың негізгі тұтынушылары электр энергетикалық компаниялар, суасты теңіз флоты және медициналық ұйымдар болып табылады.

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігі (МАГАТЭ) энергия ресурстарын тұтынудың 2030 жылға 18 % және 2050 жылға 39 % ауқымдық өсуін болжайды. Энергияның әр түрлеріне, сонымен ішінде уран да отын көзі ретінде қолданатын атом энергиясына қажеттілік артып келеді. Қазіргі уақытта әлем көмір, газ және мұнай сияқты көмірсутекті шикізатқа елеулі дәрежеде тәуелді. Бірақ та бұл таусылатын энергетикалық ресурстар және ерте ме, кеш пе адамзатқа әлемді энергиямен қамтамасыз етудің басқа тәсілдерін іздеу керек болады.

Уран әлемдік экономиканың стратегиялық өнімі болып табылады. Келесі 10-20 жылда өнеркәсіптік дамыған елдер тарабынан табиғи уранға жоғары сұраныс күтілуде. Ең үлкен сұраныс Ресейден, АҚШ, Жапония, Қытай, Корея, Үндістан, Бразилия, Франция және әсіресе, атом энергиясына тәуелді басқа елдерден шығады.

+39%
МАГАТЭ БОЛЖАМЫ
2050 ЖЫЛҒА ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУДЫҢ ЖАҺАНДЫҚ АРТУЫ

2020 жылы өндірістің жалпы көлемінің шамамен 40 % бөлігін қамтамасыз ете отырып, Қазақстан әлемдегі ең ірі уран өндіруші болып қала береді. Ел сұранысты теңестіру және әлемдік нарықтағы бағалардың құлдырауына жауапқа ұсыныс мақсатында 2022 жылдың ішінде өндіру көлемін 20 %-ға қысқартуға міндеттенді. Қазақстанда уранның бағалау қорлары 1 млн тоннаны құрайды, бұл елді осы көрсеткіш бойынша Австралиядан кейін әлемде екінші орынға шығарады. Ресми статистикаға сәйкес 2020 жылы Қазақстан 2019 жылғы 22 808 тоннамен салыстырғанда 19 500 тонна уран өндірді.

Жер асты ұңғымалы шаймалау әдісі туралы

Жер асты ұңғымалы шаймалау (ЖҰШ) әдісі өткен ғасырдың 60-жылдарының басында пайда болған, ал 90-шы жылдары ол уран өндірісі саласында кеңінен қолданыла бастады. Соңғы жылдары әлемдік уран өндірісінің жартысына жуығы осы әдіспен жүзеге асырылады.

ЖҰШ әдісі арқылы өндіру технологиясы қатаң операциялық және нормативтік қадағалау жағдайында құрастырылған. Бұл әдісті қолдану арқылы өндіру жер беткі қабаттың болмашы зақымдануларын тудырады, тастандылардың немесе бос жыныстардың пайда болуына әкелмейді және қарапайым әдіспен өндіруге қарағанда инвестицияны аз қажет етеді.

Дегенмен де, бұл әдіс Қазақстан мен Моңғолиядағыдай кен топырақтың өткізбейтін қабаттарының арасында орналасса ғана қолданыла алады.

ЖҰС: тұйық цикл технологиясы

1. *Сұйылтылған қышқыл мен судан тұратын сілтісіздендіру ерітіндісі ұңғымалардың оқпаны арқылы уран сілеміне айдалады*
2. *Ерітінді сілемнен өтуіне қарай уранды ерітеді, содан кейін бетке айдалады*
3. *Ураны бар ерітінді құбыр жолы арқылы зауытқа тасымалданады*
4. *Уран бұнда экстракцияланады және ионалмасу шайырымен фиксацияланады*
5. *Ерітінділер қышқылмен байытылады және ұңғымаларға қайта айдалады*



Бизнес-модель

КАТКО бизнес-моделі өз тұтынушыларының атынан және мүддесінде қызметтерді көрсетуге шығындардың тиімді құрылымын және инновациялық технологияларды қолдануға арналған. Компанияның жоғары білікті тобы өндіріс шығындарының бәсекелестікке қабілетті деңгейін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Компания өзінің негізгі серіктестері мен тұтынушылары – «Orano» және «Қазатомөнеркәсіп» компанияларымен, сондай-ақ өз жеткізушілерімен, өз қызметінің барлық төрт бағытында: барлау, өндіру, өңдеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарына және инновациялар (ҒЗТКЖ) керемет нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған технологиялар мен жұмыс әдістерін қолдану бойынша жұмыс істей алады.

Бұдан бөлек, «КАТКО» инновациямен қатар қоршаған ортаны қорғауға деген назары жергілікті нәзік экожүйе жағдайларында өндірістік қызметті жүзеге асырудағы маңызы зор.

Жеткізу тізбегі

«КАТКО» компаниясының жеткізу тізбегі өз өнімдерін кеніштерден тұтынушыларға тасымалдайтын қатысушылардан тұрады. Компания үшін жеткізу тізбегінің қауіпсіздігі өте маңызды болып табылады, себебі уран өнімдері тиісті түрде сақталуы және тасымалдануы керек.

«КАТКО» тізбектің кеніштен тасымалдаудан бастап, темір жолға дейінгі әрбір буынын басқарады, ал «Қазатомөнеркәсіп» бұл процеске айтарлықтай қолдау көрсетеді.



Біздің қызмет

Уранды барлау және өндіру бойынша өз қызметін «КАТКО» Қазақстан Республикасы Түркістан облысы Созақ ауданында жүзеге асырады. Компанияның бас кеңсесі Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан.



Ашықтық пен сенімділікке бейілділік

Құрметті серіктестер мен әріптестер!

Сіздердің назарларыңызға «КАТКО» компаниясының 2019–2020 жж. арналған корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) туралы есебін ұсынамыз. Осы Есепті дайындаудың салыстырмалы заңдылығы біз барлығымыз ұштасқан әдеттен тыс жағдайлармен байланысты. Қысқа мерзімді және әлі де бар пандемияға қатысты қиындықтарға қарамастан, біз жақын жылдарға КӘЖ саласындағы амбициозды мақсаттарды қоя отырып, ары қарай қозғалуды жалғастырамыз.

Бастысы, 2020 жылы «КАТКО» COVID-19 байланысты шектеулер салдарынан қаржылық және өндірістік шығындарға қарамастан өз қызметкерлерін қорғауды қамтамасыз ету шешімін қабылдады. Қуанышымызға орай, біз Компаниядағы қауіпсіздік және жалпы өнімділік тұрғысынан өткен жылдар үшін оң нәтижелерге жеттік. Осы болжанбаған қиындықтар жағдайындағы біздің әрекеттеріміз біздің қызметкерлеріміз бен жергілікті тұрғындардың мүддесіне бейілділігімізді дәлелдейтіндігіне сенемін. Біз не істейтіндігімізді айтамыз және айтқанымызды істейміз.

Бірінші кезекте бұл Есепте біз КӘЖ мәселелерін толық қарастыруға кіріспес бұрын, пандемиямен туындаған ерекше, жалғыз деп үміттенетін жағдайларды қарастыруға ниеттіміз. Тіпті осындай оңай емес уақытта біз басты мақсаттарымызға қол жеткізуде және біздің инвестициялық жобаларымызды іске асыруда прогреске жеттік. Біздің кешенді КӘЖ көзқарасымыз мақсаттарымызда қол жеткізуде біздің серікшіміз болады.

Қызметкерлерімізді COVID-19 ауруынан қорғау

«Orano» және «Қазатомөнеркәсіп» тарабынан тұрақты қолдау кезінде пандемия басталған сәттен бастап біз қызметкерлеріміздің және жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігіне басым назар аударамыз. 2020 жылы акционерлер деңгейінде, сондай-ақ өндірістік нысандар деңгейінде ортақ көзқараспен бөлісу арқылы біздің өндірістік нысандарымыз бен жергілікті тұрғындарды қорғауды қамтамасыз ете алдық.

Қызметкерлердің қауіпсіздігі мақсатында біз кеніштегі барлық екінші дәрежелі жұмыстарды, соның ішінде жоба бойынша бұрғылау мен құрылысты уақытша тоқтатуға шешім қабылдадық. Сонымен қатар, біз бас кеңсе қызметкерлерін қашықтықтан жұмыс режиміне ауыстырдық. Өндіріс орындарында біз жұмысқа кіріспес бұрын ауысым жұмысшыларына кірудің қатаң бақылауын және карантиндік талапты енгіздік.

Біз қызметкерлеріміз бен мердігерлерімізге осы қиын кезеңде жан-жақты қолдау көрсеттік: біз медициналық көмек көрсеттік, ПТР мен ИФТ көмегімен кешенді тестілеу жүргіздік, сонымен қатар карантин кезеңінде қонақ үйлерде тұруды қамтамасыз еттік. Жұмыстың қауіпсіздігі мен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін біз қызметкерлерімізге және мердігерлерге қаржылық талаптарды қоса алғанда, заңда көзделгеннен көп мөлшерде қолдау көрсеттік.

COVID-19 қарсы «КАТКО» қабылдаған шаралар туралы толық ақпарат 10-13 беттерде берілген.

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ЖОЛДАУЫ

> **«2020 жылы «КАТКО» COVID-19 байланысты шектеулер салдарынан қаржылық және өндірістік шығындарға қарамастан өз қызметкерлерін қорғауды қамтамасыз ету шешімін қабылдады. Қуанышымызға орай, біз Компаниядағы қауіпсіздік және жалпы өнімділік тұрғысынан өткен жылдар үшін оң нәтижелерге жеттік. Осы болжанбаған қиындықтар жағдайындағы біздің әрекеттеріміз біздің қызметкерлеріміз бен жергілікті тұрғындардың мүддесіне бейілділігімізді дәлелдейтіндігіне сенемін. Біз не істейтіндігімізді айтамыз және айтқанымызды істейміз».**

Лайықты өнімділікті қамтамасыз ету

Өндірістік тұрғыдан алғанда, екінші дәрежелі жұмыстарды тоқтата тұру туралы шешім 2020 жылы уран өндірісінің қалыпты өндіру нормасынан 400 тоннаға төмендеуіне алып келді. Алайда, біз қаржылық шығынға ұшыраған жоқпыз, өйткені уранның споттық бағасының шамамен 25% өсуі біздің акционерлермен келісілген өндірістің төмен деңгейінің орнын толтырды.

Шикізат бағасының тұрақсыздығына алаңдаушылық танытқанымызбен, біз басқа салалардағы әріптестерімізге қарағанда жолымыз болды деп санаймыз. 2020 жылы уран бағасы 24-25 АҚШ долларынан/фунттан максималды белгі 33 АҚШ долларына/фунтқа дейін өсті ары қарай шамамен 30 АҚШ доллары/фунт деңгейінде тұрақтанды. Бұл бірқатар факторларға, соның ішінде пандемия жағдайында кейбір әлемдік өндірушілер тарабынан жеткізілімдердің төмендеуіне және споттық нарықта сұраныстың артуынан байланысты.

Біз бұл 2021 жылы да сақталған нарықтық трендтің жақсарғанын көрсететін жеткілікті жоғары ықтималдық бар деп санаймыз және болашақта уран жеткізілімінің кепілдігі болады. Соңғы бірнеше жылда бағалар саланың тұрақты дамуын қолдау үшін өте төмен болды.

Біз жалпы нарық үшін де, әсіресе «КАТКО» үшін де қалпына келтірудің айқын жолын көріп отырмыз. Біз Оңтүстік Тәртқұдық жаңа учаскесінде ілгерілеуді жалғастырамыз, өндіріс көлемін қолдау басты бастама болады. Бұл инвестициялық жоба – біздің Компанияның болашағы. Біз жоспарлаудан құрылыс кезеңіне өту үшін мүдделі тараптармен тығыз байланыста жұмыс жасаймыз.

Біз сонымен қатар Бас жоспарды, оның ішінде төмен радиоактивті қалдықтарды залалсыздандыру, электр энергиясы мен отын шығынын азайту, біздің ірі геотехникалық алқаптарды тиімді басқару жөніндегі бастамаларды жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастырамыз. Бұл жобалардың барлығы біздің бизнестің тұрақтылығын арттырады және қоршаған ортаға әсерімізді азайтады. Бұдан басқа, біз өндірістік қуаттарды тұрақты энергия көздеріне айналдыру нұсқаларын қарастырып жатырмыз.

КӘЖ бойынша біздің міндеттерді орындау

Біз 2018–2019 жылдарда мүдделі тараптарды карталаған кезде талқыланған мәселелерді шешу үшін алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделген КӘЖ жүйемізді жақсартамыз. Біздің қызметіміздің жол картасы біздің мүдделі тараптармен әрекеттесу Жоспарымызда берілген.

Мүдделі тараптармен әрекеттесу жоспары туралы толық ақпарат 18-20 беттерде берілген.

«Orano» Тобының әлеуметтік және экологиялық саладағы міндеттемелеріне сәйкес, біз 2025 жылға келесі салаларда мақсатты негізгі тиімділік көрсеткіштерін (НТК) жаңартумен бірқатар міндеттемелерді өзімізге белгіледік: радиациялық қауіпсіздік және еңбекті қорғау; қоршаған орта мен денсаулықты қорғау; тұтынушылардың қанағаттануы; үздіксіз жетілдіру; қызметкерлерді құрметтеу және дамыту; ұйымшылдық пен командалық рух, сондай-ақ этика, ашықтық және диалог.

Біз «Orano» тобы әзірлеген, жергілікті тұрғындарға (Community), климатқа (Climate), құзыреттерге (Competencies), тұтынушыларға (Customer growth) және капиталға (Cash) назар аударылатын 5C тәсілді бірлесе қолданамыз.

2025 жылға «КАТКО» міндеттемелері және 5C тәсілі туралы толық ақпарат 24-25 беттерде берілген.

Денсаулық қорғау және қауіпсіздік техникасына қатысты, 2019 жылғы екі жазатайым оқиғадан кейін 2020 жылы «КАТКО» компаниясында жұмысқа жарамдылықты жоғалтумен жарақаттанулар болмады. Бірақ біз осымен тоқтамаймыз, жабдыққа және оқытуға байланысты мәселелерге назар аудара отырып, сіздің қауіпсіздік мәдениетімізді жақсартумен жұмысты жалғастырамыз.

Біз қазіргі уақытта АҚШ Еңбек қорғау басқармасының (OSHA) стандарттарымен бірге Технологиялық Процестердің Қауіпсіздігін басқаруға (ТПҚБ – Process Safety Management) «Orano» жаңа тәсілін енгіземіз. Бұл 2023 жылға дейін орындалуы тиіс арнайы жол картасынан тұрады. ТПҚБ қауіпті заттарды қолданатын процестерге байланысты тәуекелдерді басқаруға қойылатын талаптарды анықтайды.

Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасына қатысты «КАТКО» қабылдайтын шаралар, соның ішінде ТПҚБ жаңа тәсілі туралы толық ақпарат 34-35 беттерде берілген.

Қоршаған ортаны қорғау «КАТКО» үшін ерекше назарды талап ететін мәселе болып қала береді. 2018 жылдың маусымында күшіне енген жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы жаңа Кодекс негізінде Компания Төртқұдық және Мойынқұм кен орындары үшін қайта қалпына келтірудің кешенді жобасын әзірледі.

Біз әзірленген және осы жетекші қағидаттарға сәйкес қайта қалпына келтіру жобасына Үкіметтің келісімін алған Қазақстандағы алғашқы уран өндіруші кәсіпорын болып табылатындығымызбен мақтанамыз. Сонымен қатар, Компания қайта қалпына келтіру жоспарларын талқылау мақсатында 2020 жыл бойы жергілікті тұрғындармен ашық кездесулерді өткізуге ниетті болды, бірақ бұл ниеттер COVID-19 пандемиясына байланысты кейінге қалдырылды.

Ауданы 6 000 га жуық Оңтүстік Төртқұдық учаскесінде жер иелігін алу процесінің бөлігі ретінде «КАТКО» ауданы екі есе көп – шамамен 12 000 га ауданға өтемді ағаш отырғызу жоспарын әзірледі. Жоба жерді пайдаланғаны үшін өтемақы ретінде сексеуіл мен басқа да ағаштарды отырғызуды көздейді және бұл, сөзсіз түрде, Оңтүстік Қазақстандағы мұндай түрдегі ең ірі орман отырғызу болып табылады. Ол 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған ормандарды қалпына келтіру бойынша ұлттық бағдарламаға елеулі үлес қосады.

Біз Қазақстанның климат жөніндегі Париж келісіміне қол қоюын толық қолдаймыз. Технологиясын қолдану бізде мұнай-газ компанияларына, сондай-ақ көміртекті көп қажет ететін өндіріс әдістерін қолданатын кәсіпорындарға қарағанда көміртегі ізінің төмен екенін білдіреді. Дегенмен, біз көміртегі ізін одан әрі азайту және есептің ашық халықаралық стандарттарын енгізу үшін техникалық шешімдерді енгізуге тырысамыз. Қазіргі уақытта бұл салада бірнеше жобалар әзірлену сатысында.

2020 жылдың сәуір айында «КАТКО» оқыту, ҒЗТКЖ бойынша, сонымен қатар әлеуметтік саладағы жаңа міндеттерді анықтайтын ер қойнауын пайдалану Келісім-шартының Қосымшасына қол қойды.

Болашаққа сенімді қадам

2021 жылы біздің Компанияның 25 жылдығын атап өту аясында мен «КАТКО» өз орнын сақтайтынына сенімдімін. 2020 жылдың сынақтары біздің Компаниямызды, акционерлеріміздің бейілділігін және қоғаммен байланысымызды нығайтты. Біз пандемияны жеңеміз және бұрынғыдан да күшті боламыз, бізді команда ретінде біріктіретін байланыстар туралы жаңа түсінікке келеміз.

Есеп беру кезеңінде біздің Директорлар комитетінің жаңа мүшелері қосылды, оның ішінде Адам ресурстары жөніндегі директор Әлия Ербаева, Бас инженер Матьё Давринш, Қаржы жөніндегі атқарушы директор Александр Шалькевич және Қамтамасыз ету жүйесін басқару директор Алинур Мукатаев. Бұл халықаралық мамандардың тобы біздің басқарушылар тобын әр түрлі салалар мен нарықтағы тәжірибесімен байытады.

Біз сондай-ақ бізге мақсаттарға жетуге көмектесетін инновациялық технологияларды енгізуді жалғастырамыз. Аяқталуға жақын жобалардың біреуі гидродинамикалық модельдеу бойынша HYTEC 3D бағдарламалық жасақтамасын қолданады. Қазіргі уақытта біз сонымен қатар жаңа мембраналық технология мен мобильді концентратор технологиясын қолданумен пилоттық жобаларды іске асырып жатырмыз. Сонымен қатар, біздің инновациялық жобалар қоржынымызда деректерді таратуға және седиментологияға біздің тәсілдерді жақсарту бойынша бастамалар бар.

Инновацияларға «КАТКО» тәсілі туралы толық ақпарат 56-59 беттерде берілген.

Біздің адамдар алдағы жылдың басты басымдығы болып қала береді. Біз жалғасып жатқан пандемия жағдайында біздің қызметкерлер мен мердігерлердің өндірістік нысандарда болсын, қашықтықта болсын қауіпсіз жерде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ерекше назар аударамыз. Осындай қиын кезеңдерге қарамастан, біз өндірістік және қаржылық мақсаттарға жету үшін аянбай жұмыс жасаймыз. Біз сондай-ақ Оңтүстік Төртқұдықтағы жұмыстарды кесте бойынша табысты аяқтауға күш салып жатырмыз.

Мен барлық мүдделі тараптарға соңғы екі жылда қолдау көрсеткені үшін алғысымды білдіргім келеді.

Сіздердің көмегіңізсіз біз қазіргі кездегідей табысты жағдайда болмас едік.

Жерар Фриес

Бас директор

2020 ЖЫЛҒА КӘЖ БОЙЫНША «КАТКО» НЕГІЗГІ ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2 833 ТОННА
УРАН ӨНДІРІСІНІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ (2020 Ж.)

2020	2 833
2019	3 252

25 ЖОБА,
БАС ЖОСПАР ШЕҢБЕРІНДЕ ОРЫНДАЛҒАН

2020	25
2019	33

1 190 ҚЫЗМЕТКЕР
2020 Ж. СОҢЫНА

2020	1 190
2019	1 170

23 448 САҒАТ*
2 410 ТРЕНИНГ**
ЕҚжҚТ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ

**ішкі тренингтер*
***сыртқы тренингтер*

48 МЛН ТЕҢГЕ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ

17,2 МЛРД ТЕҢГЕ
ЖЕРГІЛІКТІ САТЫП АЛУ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ

1,7 МЛРД ТЕҢГЕ
ЖЕРГІЛІКТІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРҒА ЖАЛПЫ ШЫҒЫНДАР (2010–2020 ЖЖ.)

219 МЛН ТЕҢГЕ
ЖЕРГІЛІКТІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРҒА ШЫҒЫНДАР (2020 Ж.)

2020	219
2019	162

23,8 МЛРД ТЕҢГЕ
МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ

2020	23,8
2019	15,4

80 ӘЛЕУЕТТІ ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙЛАР
ЖҰМЫС ОРНЫНДА

2020	80
2019	117

0,0 LTIFR
ЖҰМЫСҚА ЖАРАМДЫЛЫҚТЫ ЖОҒАЛТУҒА АЛЫП КЕЛГЕН ЖАРАҚАТТАНУ ЖИІЛІГІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТІ*

** «КАТКО» және мердігерлердің жұмысқа жарамдылықты жоғалтуға алып келген жарақаттану жиілігі көрсеткішінің нәтижесіне (LTIFR) қосады*

«КАТКО» компаниясының 2020 жылы COVID-19 пандемиясымен туындаған оқыс және объективті қиындықтарға алғашқы жауабы адамдарға қамқорлық жасау болды. Нәтижелер Компания командасының кәсіби біліктілігін, сондай-ақ өмір мен табыс көздерін қорғау бойынша шаралар қабылданғанын қамтамасыз ететін мүдделі тараптармен берік қарым-қатынасты көрсетеді.

COVID-19 ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

Қиындықтарға қарсы тұра отырып

102 МЛН ТЕҢГЕ ЖЕРГІЛІКТІ АУРУХАНАЛАР ҮШІН ӨЖЖ АППАРАТТАРЫНА

15 МЛН ТЕҢГЕ ОҚУШЫЛАР ҮШІН КОМПЬЮТЕРЛЕРДІ САТЫП АЛУҒА

69 МЛН ТЕҢГЕ ЖҚҚ ШЫҒЫНДАРЫ

37 МЛН ТЕҢГЕ ЭКСПРЕСС-ТЕСТТЕРГЕ ШЫҒЫНДАР

COVID-19 пандемиясы 2020 жылы «КАТКО», Қазақстан мен әлем үшін бұрын-соңды болмаған сынаққа айналды және 2021 жылы әлі де жалғыз қауіп болып қала береді.

Шекаралар жабылып, бүкіл әлем бойынша экономикалық қызмет тоқтатылды. Компания жаңа ортаға бейімделу жолдарын іздестіру және денсаулыққа және қауіпсіздікке кез келген қауіпке әдістемелік және ымырасыз тәсілді қолдану арқылы дағдарысты сәтті жеңді.

2020 жылдың наурыз айында «КАТКО» өндіру және өндіріс жұмыстарын жалғастыра отырып, бұрғылау мен құрылысты уақытша тоқтатты. Компания Нұр-Сұлтан қаласындағы бас кеңседе және өндірістік алаңдарда санитарлық аймақтарды жасау бойынша, бетперделерді кию, қолды жуу және басқа талаптарды орындау бойынша қатаң бақылауды енгізді. Компания қызметкерлермен, мердігерлермен және жергілікті тұрғындармен ПТР- және ИФТ-тестілеуді, жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ), карантин қонақ үйлерін қамтамасыз ете отырып және жыл ішінде басқа да маңызды қолдауды көрсете отырып, тығыз жұмыс жасады. Барлығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Компания мердігерлерге де, оның қызметкерлеріне де бірдей талаптарды қойып, қолдау көрсетті.

«КАТКО» және оның мүдделі тараптарының күш-жігерінің арқасында 2020 жылдың наурыз айының соңына дейін өндірістік алаңдарда COVID-19 жұқтыру жағдайлары тіркелген жоқ. Осы кезеңде 15 000-нан астам ПТР мен ИФА-тестілеу жүргізілді. Қатаң шаралар қызметкерлердің де, мердігерлердің де қауіпсіздігін қамтамасыз етті, ал Компания уранның әлемдік нарығындағы жағымды жағдайлардың арқасында өндірістің түзетілген көрсеткіштеріне қол жеткізе алды және қаржылық жоспарларын асыра орындады.

Пандемия кезінде «КАТКО» өзінің қатысушылары – «Orano» және «Қазатомөнеркәсіптің» тәжірибесі мен халықаралық тәжірибесіне сүйене алды. Бірлескен тәжірибеге сүйене отырып, жұмыс кестесі адамдардың өндірістік алаңдарындағы және одан тыс жерлердегі қозғалысын барынша азайту үшін өзгертілді. Бұрғылау мен құрылыс сияқты кейбір жұмыс түрлері уақытша тоқтатылды. Қауіпсіздік басым тапсырмаға айналды және Компания оны қатаң сақтады.

Ең бастысы, «КАТКО» өзінің ұзақ мерзімді жобаларын іске асыруды және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және биоалуантүрлілікті сақтау бойынша міндеттемелерді орындауды жалғастырды.

Қызметкерлерге қолдау көрсету

2020 жылдың наурыз айында пандемия «КАТКО» қызметкерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндірді. Компанияның бірінші шарасы өндірістік алаңдарда жұмыс істейтін барлық қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды. «КАТКО» қауіпсіздік мәдениеті қауіптің жаңа түріне әрекет етудің моральдық және практикалық негізі болды. Бұл уақытта Компания өз қызметін Қазақстанда белсенді әзірленетін, халықты қорғауға бағытталған денсаулық сақтау саласындағы нормативтік талаптар шеңберінде өз қызметін жүргізді.

2020 жыл бойы бұрғылау және құрылыс жұмыстарын қысқа уақытқа тоқтатқанына қарамастан, Компания қызметкерлерді қысқартуға барған жоқ, бірақ жұмыс орындарындағы жаңа еңбек жағдайларына кейбір түзетулер енгізді. Жыл ортасынан бастап алынған білім мен дағдылар «КАТКО» компаниясына карантин мерзімін қысқартуға мүмкіндік берді. Экспресс-тесттерді қолдану сонымен қатар өндірістік алаңдардағы жағдайды бақылауға көмектесті. Тұрақты медициналық тексерулер, ортақ жерлерде үнемі залалсыздандыру және әлеуметтік қашықтықты сақтау күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналды.

286
МЛН ТЕҢГЕ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҮШІН КАРАНТИН ШЫҒЫНДАРЫ

«КАТКО» барлық қызметкерлермен тез өзгеретін жағдайда өздерін мазалайтын мәселелерді талқылау және дағдарыс жағдайында олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ашық байланыс арналарын жүргізді. Бас директор мен басқарушы топ мүшелері апта сайын өндірістік алаңдардағы жағдай туралы, сондай-ақ билік тарабынан қабылданған төтенше шаралар туралы жаңартылған ақпарат беру үшін виртуалды онлайн кездесулер өткізіп отырды. Олар сонымен қатар кеніштер мен бас кеңсе қызметкерлерінің вахта, ЖҚҚ, тесттер және басқалар туралы сұрақтарына жауап берді. COVID-19 сұрақтары бойынша арнайы тәулік бойғы шұғыл желі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «КАТКО» «International SOS» (ISOS) медициналық компаниясымен 2021 жылы жұмысын жалғастыратын қашықтықтан моральдық және психологиялық қолдау көрсету үшін шұғыл желіні ашу туралы шартқа қол қойды.

COVID-19 байланысты шектеулер жаңа қиындықтарды тудыруда. Қызметкерлер мен мердігерлерді оқытудың көптеген күндізгі бөлімдерін болдырмауға тура келді. Компания оқыту жоспарын толық көлемде орындауға ұмтылуды жалғастыруда, ал адам ресурстары бойынша дирекция (HR) тобы виртуалды шешімдерді ұсынуда белсенді жұмыс жүргізуде. Шынында да, бұл міндеттердің көпшілігі «КАТКО» компаниясының әрбір буынынан инновациялар үшін мүмкіндіктерді жасай отыра, өз жұмысының жаңа тәсілдерін іздеуді талап етеді. Моральдық рухты көтеру үшін Компания қауіпсіздік мәселелері бойынша кампанияларды, сонымен қатар бейне және фотоконкурстарды ұйымдастырды.

Басшылық, қызметкерлер мен мердігерлер бірігіп, 2020 жылы өндірістік алаңдарда және бас кеңседе аурудың өршуіне жол бермеді. Олардың кәсіби біліктілігінің дәлелі – бұл пандемия шарықтаған шақта «КАТКО» компаниясында жыл бойы өзінің бірде-бір нысанында жұмысқа жарамдылықты жоғалтумен оқиғалардың тіркелмеуі.

32
БІРЛІК
ЗАЛАСЫЗДАНДЫРУҒА АРНАЛҒАН КВАРЦ ШАМДАРЫ

50
МЛН ТЕҢГЕ
«BIRGEMIZ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНА

Жергілікті халықпен қарым-қатынас

«КАТКО» қызметкерлерінің көпшілігі мен олардың отбасылары өндіріс орындарына жақын елді мекендерде тұрады және жұмыс істейді. Пандемия кезінде Компания жергілікті медициналық мекемелер мен емханаларға ЖҚҚ, ПТР және ИФ-тесттерін, сондай-ақ медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін жігермен жұмыс жасады. Бұл жұмыс аясында «КАТКО» жергілікті деңгейде күш-жігерді қолдау үшін «Birgemiz» қоғамдық қорына 50 миллион теңге аударды.

7 733
ПТР-ТЕСТ
«КАТКО» ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН

Сонымен қатар, Компания Созақ ауданының санитарлық-эпидемиологиялық қызметін, сондай-ақ тікелей жергілікті ауылдарды бетперделермен және басқа ЖҚҚ-мен қамтамасыз ете отырып, Түркістан облысының және Шымкент қаласының ауруханалары үшін алты ӨЖЖ аппаратын сатып алды (қайырымдылық жобасы ретінде шамамен 100 миллион теңге сомаға). Мердігерлер туралы айтатын болсақ, «КАТКО» дағдарысқа байланысты экономикалық тоқырауға ұшыраған жергілікті кәсіпорындарға қолдау көрсету үшін төлем мерзімін 30 күннен 10 күнге дейін қысқартты.

Қауіпке қарсы тұру

6 068
ПТР-ТЕСТ
МЕРДІГЕРЛЕР ҮШІН

2021 жылдың қаңтар айында, есеп беру кезеңнен кейін, Мойынқұм мен Төртқұдық өндіріс орындарында аурудың өршуі анықталды – 128 адамнан оң тест алынды. «КАТКО» барлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, алаңдарды екі апталық карантиндік режимге көшіріп, бүкіл қажетті медициналық көмекті қамтамасыз етіп және бүкіл осы уақыт бойы өз қызметкерлерін қаржылай қолдауды жалғастыра отырып, туындаған қауіпке тез арада жауап берді.

Бірнеше аптадан кейін жағдай бақылауға алынды және Компания вирустың өндіріс орындарына қалай енгенін түсіну үшін негізгі себептердің талдауын жүргізе алды. Нәтижесінде «КАТКО» қатынауды бақылаудың қатаң шараларын енгізді. Компания сонымен қатар адамдардың әлеуметтік қашықтықты сақтауын қамтамасыз ету үшін өз нысандарында тексеру жүргізді. Сонымен қатар, әр өндіріс алаңында міндетті түрде бетперде кию мен температураны бақылау енгізілді. Пандемия кезінде алынған сабақтар болашақта жұмыс орындарын болашақ қатерлерге оңай бейімдеу үшін жобалауда пайдалы болады.

7 530
БІРЛІК
COVID ҚАРСЫ ЖҚҚ

Күшейтілген қауіпсіздік хаттамалары «КАТКО» өндірістік алаңдары маңында орналасқан елді мекендерде толықтай екпе салу жүргізілгенше және дағдарыстық жағдай аяқталғанша әрекет етеді. Компания ары қарай да абайлықты сақтайды және қызметкерлері, мердігерлері немесе жергілікті тұрғындар болсын, өз адамдарын бірінші орынға қояды.

«КАТКО» тау-кен өндіру қызметінің жарамдылығы, ол жергілікті дамуға салуы мүмкін үлесі және мүдделі тараптарға кеңес беру нормативтік, сондай-ақ ерікті көзқарас тұрғысынан Компания міндеттемелерінің басты салалары болып табылады. Сенімділікті орнату және қолдау – біздің тұрақты міндетіміз.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мүдделі тараптармен конструктивті әрекет ете отырып

«КАТКО» компаниясы жеке кәсіпорын ретінде құрылғанына қарамастан, ол институционалды акционерлері бар екі жария компанияға тиесілі. Компания 1996 жылы құрылғаннан бастап, онда жергілікті компанияларға қолданылатын заңдардың ережелеріне, сондай-ақ оның екі қатысушысының алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибесіне сәйкес келетін корпоративтік басқару жүйесі әзірленді.

Іс жүзінде, бұл «КАТКО» басшылығы мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлықпен күрес, мүдделер қақтығысы, әдеп және басқа да мәселелер туралы нұсқауларға қол қойды дегенді білдіреді. Осы саясаттар Компанияның күнделікті қызметінің негізгі бөлігін реттейді және әрбір қызметкердің ережелерді түсінуін қамтамасыз етеді.

«КАТКО» меншік құрылымы

Басқару құрылымы

Корпоративтік басқару туралы «КАТКО» есептілігінің құрылымы оның Жарғысында берілген және келесі басқару органдарынан тұрады.

Қатысушылардың жалпы жиналысы

Қатысушылардың жалпы жиналысы (ҚЖЖ) Компанияның жоғарғы басқару органы болып табылады. ҚЖЖ жауапкершілігінің толық аясы Қазақстан Республикасының «ЖШС және ҚЖС туралы» Заңымен және «КАТКО» Жарғысымен анықталады. ҚЖЖ Байқаушы кеңестің мүшелерін тағайындайды және оларға жетекшілік өкілеттік береді.

Байқаушы кеңес

Байқаушы кеңес «КАТКО» қызметін жалпы бақылау үшін жауап береді және «Orano» тағайындайтын төрт қатысушыдан және «Қазатомөнеркәсіп» тағайындайтын үш қатысушыдан тұрады.

Техникалық комитет

«КАТКО» компаниясының бұл консультациялық органы ҚЖЖ мен Байқаушы кеңес үшін техникалық және экономикалық ұсыныстарды әзірлеу үшін



құрылады. Ол төрт мүшеден тұрады: біреуін «Orano», екіншісін «Қазатомөнеркәсіп» тағайындайды, үшінші мен төртіншісі «КАТКО» Бас директоры мен бас директорының орынбасары болып табылады.

Қаржы комитеті

«КАТКО» компаниясының бұл консультациялық органы Компанияның бюджетін қарау және «КАТКО» бюджетін соңғы сатыда бекітетін Байқаушы кеңестің ұсыныстарын әзірлеу үшін құрылады. Ол төрт мүшеден тұрады: екеуін «Orano» тағайындайды, қалғанын «Қазатомөнеркәсіп» тағайындайды.

Қаржы комитеті 2017 жылдың сәуірінде Бюджеттік саясатпен қатар, «Orano» мен «Қазатомөнеркәсіп» стратегиялық келісімге қол қоюлары арқылы құрылды.

Бас директор

Күнделікті жұмыс үшін негізгі және түпкілікті жауапкершілік «КАТКО» компаниясының жауапкершілік саясаты мен мәдениетін басқаратын Бас директорға жүктеледі.

Директорлар комитеті

Бас директорға көмек және қолдау көрсету үшін «КАТКО» компаниясының атқарушы органы болып табылатын Директорлар комитеті (КОДИР) құрылды. Оның құрамына Бас директор, Бас директордың орынбасары, сонымен қатар Адам ресурстары жөніндегі директор, Қаржы жөніндегі атқарушы директор, Геология және мәліметті жинау жөніндегі атқарушы директор, ДЕҚОҚРҚ жөніндегі директор, Заң мәселелері бойынша директор, Бас инженер, Қамтамасыз ету жүйесін басқару директор және Жобалар жөніндегі директор кіреді. Директорлар кеңесінің мәжілістері апта сайын өткізіледі.

Комплаенс жөніндегі басқарма

«КАТКО» комплаенс департаменті – бұл Бас директорға есеп беретін тәуелсіз құрылымдық бөлім. Оның негізгі міндеттеріне кіреді: нормативтік-құқықтық сәйкестік мәселесінде Компанияны қолдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде міндетті нормативтік талаптар мен халықаралық озық тәжірибенің сақталуын қамтамасыз ету, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы және этикалық нормаларды сақтамау нәтижесінде туындайтын тәуекелдерді азайту және жұмсарту. Департамент сонымен қатар жыныстық зорлық-зомбылыққа немесе гендерлік зорлық-зомбылыққа қатаң тыйым салатын Компанияның саясаты мен жергілікті заңнаманы қолдайды. Департамент оған тергеу жүргізуге және өзінің қорытындылары және сыртқы сараптама нәтижелері негізінде Бас директорға нормативтік талаптарды сақтауға байланысты кез келген мәселелерді шешу үшін өзгерістерге қатысты нақты ұсыныстарды беруге мүмкіндік беретін нақты және кең өкілеттіктерге ие.

Қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша біріктірілген комитет

КОДИР ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін және Комитет ұсыныстарын халықаралық стандарттарға сәйкес қарастырады. «КАТКО» ISO 14001:2015 экологиялық менеджмент жүйесін қолданады және OHSAS 18001:2007 еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджмент жүйесінің сертификаты бар. 2021 жылы есеп беру кезеңінен кейін Компания ISO 45001:2018 сертификатын және ISO 14001:2015 қайталама сертификациясын алу процесінде болды.

Еңбек ұжымының өкілдері

«КАТКО» компаниясының кадрлық саясаты заңдылық пен парасаттылық қағидаттарына негізделген. Компанияда қызметкерлердің өкілдігі бар, оған еңбек ұжымының тоғыз өкілі (ЕҮӨ) төрт жыл мерзімге сайланады.

ЕҮӨ мен «КАТКО» жоғарғы басшылығы еңбекті қорғау мәселелерін, кадрлық және басқа да маңызды мәселелерді талқылау үшін жылына кемінде екі рет кездеседі. Мұндай жиналыстар жұмыс берушінің және ЕҮӨ сұрауы бойынша өткізіледі. «КАТКО» ұжымдық шарты ЕҮӨ мен Компания басшылығымен үш жыл сайын талқыланады және бекітіліп отырады.

Ішкі бақылау

«КАТКО» Ішкі бақылау басқармасы тәуекелдерді басқару функциясын орындайды және тәуекелдіктердің тоқсандық және жылдық талдауларын үйлестіруге жауап береді. Осы талдауларға сүйене отырып, департамент тәуекелдердің иелеріне және құрылымның бөлімшелердің басшыларына Тәуекелдерді төмендету жоспарларын құруға көмектеседі.

Басқарма ішкі бақылау жүйесінің өзіне тоқсан сайынғы және жылдық ішкі бағалауын жүргізеді. Жақсартулар анықталған кезде, департамент тәуекел иелерімен және құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен бақылау процедураларының схемасын тексеру үшін жұмыс жасайды.

Басқарма жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер мен тергеулер жүргізеді және жақсарту бойынша ұсыныстары бар есептерді ұсынады. Сонымен қатар, ол корпоративтік тексеруді үйлестіреді және Компания бөлімшелерінің іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылайды.

Тәуекелдерді басқару

«КАТКО» тәуекелдерді басқару функциясы Компанияның алға қойған мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге арналған. Сонымен қатар Компания, оның қызметкерлері мен жергілікті тұрғындар үшін туындауы мүмкін барлық тәуекелдерді анықтауға және азайтуға арналған. Тәуекелдерді бағалау, тәуекелдерді болдырмауға және қызметтің өндіріс, қаржы, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және заң мәселелері сияқты салаларындағы мүмкіндіктерді анықтауға бағытталған.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор – бұл қолданылатын еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі стандарттарға сәйкестікті бақылаудың қосымша құралы ретінде техникалық бағалауға жауап беретін еңбек ұжымының өкілі.

Корпоративтік саясат

«КАТКО» корпоративтік саясаты менеджерлер мен қызметкерлердің Компанияның олардан не күтетінін түсінуін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ, онда әр түрлі оқиғалар болған кезде жасалатын әрекеттер туралы нақты нұсқаулар бар, оның ішінде заңсыз немесе қауіпті әрекеттерге күдік туралы хабарлау міндеттемесі бар.

Компанияның негізгі этикалық нормалары мен ережелері Сәйкестік саясаты болып табылады, ол төменде толығырақ сипатталған. «КАТКО» келесі салаларды реттейтін корпоративтік саясаттың бөлімдері бар:

- Мүдделер қақтығысы
- Инсайдерлік ақпарат
- Сыбайлас жемқорлық, сыйлықтар және әділетсіз артықшылық
- Ресмилікті жеңілдету үшін сыйақы (2020 жылы жаңартылды)
- Саяси қаржыландыру
- Филантропия, демеушілік, қайырымдылық және гуманитарлық көмек
- Бәсекелестік
- Адамдар мен мүлікке қауіп
- Сыйлықтар, іскерлік қонақжайлылық және іскерлік шығындар (2019 жылы қабылданған)
- Ерікті ақпараттандыру саясаты (2019 жылы қабылданды)
- Алкоголь және есірткіге қарсы саясаты (2020 жылы жаңартылды)
- Есепті саясат (2021 жылы жаңартылды)
- КӘЖ саясаты.

> **«КАТКО» сәйкестік саясаты 2010 жылы әзірленген, ал оған соңғы жаңарту 2019 жылы енгізілген.**

Сәйкестік (Комплаенс) саясаты

«КАТКО» компаниясының сәйкестік саясаты «Orano» компаниясының әдеп кодексіне, сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ әдеп кодексіне және комплаенсіне негізделеді. Ол адамгершілік, кәсіптілік, құпиялылық, әділдік, құрмет және жауапкершілік қағидаттарының негізінде құрылған.

«Orano» тобының құрамына кіре отырып, Компания өз қызметін БҰҰ адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Сәйкестік саясатының мақсаттары:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі практикалық шараларға ерекше назар аудара отырып, сәйкестік тұрғысынан мүдделі тараптардың негізгі міндеттері мен жауапкершілігін анықтау;
- Корпоративтік әдеп стандарттары, Қазақстан заңдары және/немесе ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ ережелері бұзылған жағдайда қалай әрекет ету керектігі туралы қызметкерлерге нұсқауларды беру;
- Басшылықтың мұндай бұзушылықтарға қатысты әрекеттерінің бағытын анықтау;

- Осы стандартты орындамауға байланысты тәуекелдерді азайту.

Сәйкестік саясаты әдептілік нормаларды, ережелер мен заңдарды, соның ішінде Компанияның қызметіне қатысты мердігерлермен, консультанттармен, агенттермен және/немесе басқа жеке не заңды тұлғалармен қарым-қатынастарды бұзған Компанияның кез келген нақты немесе болжамды қызметкерлеріне қолданылады. Саясат сонымен қатар қызметкерлердің шағымдары мен талаптарын тіркеу және қарастырудың айқын және ашық жүйесін қарастырады.

«КАТКО» сәйкестік саясаты 2010 жылы әзірленген, ал оған соңғы жаңарту 2019 жылы енгізілген.

Мүдделі тараптарды карталау кезеңдері

0-кезең
Дайындық кезеңі

1-кезең
Бірінші жиналыс

2-кезең
Деректерді өңдеу және талдау

3-кезең
Қорытынды жиналыс

Мүдделі тараптардың үміттерін түсіне отыра

Әр түрлі «КАТКО» стейкхолдерлерінің алаңдаушылықтары мен ұмтылыстарын түсіну КӘЖ стратегиясының маңызды аспектісі болып табылады. 2019 жылы Компания 2018 жылдың соңында іске қосылған мүдделі тараптарды картаға түсіру жобасының 4 кезеңін аяқтады.

Бұл процесс «КАТКО» компаниясына стейкхолдерлердің әртүрлі топтарының бірегей күтуі мен мүдделерін түсінуге көмектесті. Осының негізінде Компания Мүдделі тараптарды басқару жоспары шеңберінде олардың әрқайсысымен өзара әрекеттестікті жақсарту бойынша іс-шаралар әзірлей алды.

2019 жылдың ақпан-сәуір айларында «КАТКО» Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларында, Шолаққорған және Тасты елді мекендерінде, сондай-ақ Төртқұдық және Мойынқұм кеніштерінде мүдделі тараптармен сұхбат жүргізді. 2019 жылдың ақпан айында Компания сонымен қатар Тасты, Шу, Шолаққорған және Таукент ауылдарының тұрғындары кіретін үш фокус-топтармен кездесулер өткізді.

Жобаның бір аспектісі жергілікті, аймақтық және стратегиялық деңгейлерде қандай мүдделі топтардың қатысатынын түсіну болды. Бұл «КАТКО» компаниясына барлық мүдделі тараптармен тура және тұрақты қарым-қатынасты қамтамасыз етуге көмектеседі, оның ішінде белгілі бір топтарды кіші элементтерге бөлу арқылы.

Осы зерттеудің негізінде «КАТКО» Компания мен оның әр түрлі стейкхолдерлер топтары арасындағы өзара әрекеттесуді жақсартуға бағытталған мүдделі тараптарды басқару жоспарын әзірледі. Жоспар мүдделі тараптардың тиімді өзара әрекеттесуі үшін тиісті стратегияларды әзірлейді. Ол стейкхолдерлерді картаға түсіру нәтижелеріне және олардың қажеттіліктерін, мүдделерін және жобаның табысты жүзеге асуына ықтимал әсерін талдау нәтижелеріне негізделген.

«КАТКО» үшін мүдделі тараптарды басқару Жоспарының маңызды құрамдас бөлігі Компанияның жергілікті билік органдарының өкілдерімен және тұрғындармен тұрақты кездесулері, оның ішінде денсаулық сақтау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша барлық мүдделі тараптармен ашық пікірталастар болып табылады.

Сонымен қатар, «КАТКО» жергілікті тұрғындардың шағымдары мен талаптарын өңдеудің ресми тәртібін әзірледі, оны жергілікті тұрғындармен тұрақты кездесулер қайта басталған кезде іске асыру жоспарлануда. Бұл процедураның мақсаты шағымдарды, белгілі бір мәселе бойынша қосымша ақпарат сұрауды немесе Компанияның қызметіне қатысты ескертулерді қарау болып табылады. Бұл процесті КӘЖ жөніндегі менеджерлер тобы бақылайды, бірақ та басқа департаменттердің үлесін қоса алады. Мүдделі тараптардың пікірлерін зерттеу «КАТКО» компаниясына сенімге негізделген қарым-қатынастарды орнатуға мүмкіндік береді.

Компания жергілікті билік органдарымен бірлесе отырып, алаңдардың бірінде төтенше жағдайға қарсы әрекет ету жоспарын одан әрі жетілдіріп, мұқият әзірлеу мақсатында жұмыс жасайды. COVID-19 пандемиясы «КАТКО» мен жергілікті тұрғындардың күтпеген және бұрын-соңды болмаған төтенше жағдайларда бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дәлелдеді.

Мүдделі тараптарды картаға түсіру

Сұхбат (2019 жылдың ақпан, наурыз және сәуір айлары)

Шымкент қ., Нұр-Сұлтан қ., Алматы қ., Түркістан қ., Шолаққорған аул., Тасты аул., Төртқұдық және Мойынқұм кеніштері.

1 фокус-топ: Тасты мен Шу ауылдарың тұрғындары
2 фокус-топ: Шолаққорған ауылының тұрғындары
3 фокус-топ: Таукент ауылының тұрғындары

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

	Жергілікті деңгей	Аймақтық деңгей
Қызметкерлер	●	
Үкімет	●	●
Серіктестер мен жеткізушілер	●	●
Үкіметтік емес ұйымдар мен қауымдастықтар	●	
БАҚ		●
Жергілікті тұрғындар	●	●

Мүдделі тараптарды басқару жоспары

Бұл процесс «КАТКО» компаниясына әр түрлі стейкхолдерлер топтарының бірегей күтуі мен мүдделерін түсінуге көмектесті. Мүдделі тараптарды басқару жоспары шеңберінде Компания сонымен қатар әр топпен өзара әрекеттесуді жақсарту бойынша іс-шаралар әзірлей алды.

Мысалы, жоспар КӘЖ іс-шараларын ұйымдастыру, «Қазатомөнеркәсіп» компанияның басқа да бірлескен кәсіпорындарымен техникалық жиналыстарға және салыстыру талдауларына қатысу сияқты қатысушылардың қызмет түрлерінен тұрады. Жергілікті тұрғындар үшін жоспарға жылына екі реттен кем емес жобалық нұсқаларды және жұмысқа тұру мүмкіндіктерін талқылау үшін кездесулерден, сонымен қатар Отбасы күндерін өткізуден тұрады. Сондай-ақ, Компания су, ауа сапасы және басқа экологиялық және әлеуметтік мәселелер, сонымен қатар аумақтың құнарлығын қалпына келтіру жоспарлары бойынша қауымдастықтармен тұрақты кездесулер өткізу арқылы тұрақты диалог жүргізуге ниетті.

Карталау тәжірибесі және басқару жоспары «КАТКО» компаниясына мүдделі тараптардың жергілікті, аумақтық, сонымен қатар стратегиялық топтарының әртүрлі қажеттіліктерін сенімді түрде қанағаттандыруға көмектеседі. Компания мүдделі тараптардың мүддесінде және үмітіндегі қандай да бір өзгертулерді тұрақты біліп отыру үшін жоспарды тұрақты түрде жаңартып отырады.

Бүкіл әлем бойынша жауапты тау-кен қызметі

Компанияның басқарушы органдарының атқарушы бақылауынан басқа, «КАТКО» көптеген халықаралық бастамалардың қатысушысы болып табылады.

Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы (EITI)

Қазақстан EITI мүшесі болғандықтан, «КАТКО» жергілікті көпжақты процестерге қатысады және EITI талаптарына сәйкес салық төлемдері туралы, пайдалы қазбаларды өндіру құқығы және табыс туралы есептілік береді.

www.eiti.org

Тау-кен ісі мен металл бойынша Халықаралық кеңес (ICMM)

ICMM – бұл тау-кен саласындағы қауіпсіздік, әділдік, адалдық, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық қағидаттарын ұстанатын халықаралық ұйым. «Orano» 2011 жылдан бастап ICMM мүшесі болы келеді. «КАТКО» ICMM тұрақты дамуға қатысты 10 қағидатын енгізуге және қаржылық жағдай туралы есептілікті ұсынуға ұмтылады. 2017 жылы Компания «Orano» компаниясының ICMM қағидаттарына деген сәйкестігіне «Ernst & Young» компаниясының аудиторлық тексерісінен өтті. ICMM өзін-өзі бағалау процесінен өтуді «КАТКО» 2021 жылы күтеді.

www.icmm.com

Маңыздылық және басымдылық

«КАТКО» мүдделі тараптардың үміттеріне сәйкес есептілік мәселелерінде басымдылықтар белгілейді. Бағалау критерийлері ICMM тұрақты дамуының 10 қағидатына, сондай-ақ GRI (Есептілік бойынша жаһандық бастама) стандарттарына негізделген.

Әдеп бойынша есептілік

«КАТКО» «Orano» компаниясының жыл сайынғы әдеп бойынша есебін береді. Оған өткен жылғы қызметтің мақсатты тексерісі жүргізілгендігі туралы куәландыратын Директорлар кеңесінің қол қойылған мәлімдемесі кіреді.

Сәйкестік (Комплаенс)

Қазақстанның, Францияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдарына және сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы басқа да халықаралық заңдарға деген сәйкестікті қамтамасыз ету үшін «КАТКО» Сәйкестік саясаты төмендегі ережелердің де қатаң сақталуын ұйғарады:

- Нью-Йоркта 2003 жылдың 31 қазанында қабылданған және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы № 31-IV Заңымен барлық мәлімдемелері мен ескертпелерімен қоса ратификацияланған БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы;
- Франция Республикасының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы «Ашықтық, сыбайлас жемқорлықпен күрес және экономиканы жаңғырту туралы» № 2016-1691 Заңы (SAPIN II);
- «Orano» әдеп кодексі;
- «Қазатомөнеркәсіп» әдеп және комплаенс кодексі;
- «Қазатомөнеркәсіп» тұрақты даму саласындағы саясаты;
- «Orano» мүдделері қақтығысы бойынша процедурасы;
- «Orano» бұзушылықтар туралы ерікті ақпараттандыру процедурасы.

«КАТКО» әлеуметтік, экологиялық және экономикалық жауапкершілікке қатысты өзіне белгілі бір міндеттемелерді ала отырып, тұрақты даму тұжырымдамасын жүзеге асырады. Осы жалпы адами ұмтылыстар БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарында берілген және осы Есептің негізгі тақырыптарының бірі болып табылады. Компания осы міндеттемелерді басымдылықтарды анықтаудың жетекші қағидаттарында негіздейді.

КӘЖ ЖҮЙЕСІ

Қағидатты тәсіл

КӘЖ тәсілі

«КАТКО» КӘЖ тәсілі алты іргелі қағидаттарға негізделеді және 2018 жылдың қаңтар айында жаңартылған Компанияның КӘЖ Саясатын басшылыққа алады. Әрбір қағидат КӘЖ басым саласын ғана емес, сонымен қатар бір немесе бірнеше мүдделі тараптар тобымен өзара әрекеттестігінің негізгі саласында көрсетеді. Компания осы салалардағы әрекеттері мен стратегиялары оның мүдделі тараптарына оң әсер етуін қамтамасыз етуге тырысады.

2020 жылы «КАТКО» сонымен қатар 2025 жылға арналған КӘЖ міндеттемелерінің жиынтығына және 5С тәсіліне (Жергілікті тұрғындар (Community), Климат (Climate), Құзыреттер (Competencies), Тұтынушылар (Customer growth) және Капитал (Cash)) байланысты НТК анықтау бойынша «Orano» тәжірибесін енгізді. Бұл міндеттемелер Компанияның миссиясы мен көзқарасына, сондай-ақ айқын тұжырымдалған «Orano» Міндетінде негізделген – «Климаттың өзгеруімен күресу үшін, бүгін және ертең сау және ресурсқа тиімді әлем үшін ядролық материалдарды қайта өңдеу және игеру саласында техникалық білімді және тәжірибені дамыту».

Бұл мәлімдеме тұрақты дамудың «КАТКО», сондай-ақ оған қатысушылар – «Orano» және «Қазатомөнеркәсіптің» қызметінің негізін құрайтынын айқын көрсетеді. Бұл ұстаным барлық мүдделі тараптармен ашықтық пен диалог қарым-қатынасына негізделген. Компания 5С тәсілін өзінің барлық іс-шаралар жоспарында, сонымен қатар КӘЖ барлық алты іргелі қағидаттары бойынша тиімділік көрсеткіштерін өлшеу тәсілдерін енгізеді.

2025 жылға «КАТКО» міндеттемелері және 5С тәсілі туралы толық ақпарат 24-25 беттерде берілген.

КӘЖ іргелі қағидаттары

Соңғы 20 жыл ішінде «КАТКО» КӘЖ алты іргелі қағидаттарын жасап шығарды. Бұл Компанияның негізгі салалары болып табылады. Олардың әрқайсысы үшін негізгі тиімділік көрсеткіштері бойынша қол жеткізілген нәтижелердің анықтамасы бар дәйекті әрекеттер жоспары бар.

Әр саладағы әрекеттер озық халықаралық тәжірибемен, қолданыстағы заңдардың ережелерімен және «КАТКО» акционерлерінің саясатымен анықталады. Алты саланың әрқайсысындағы прогресс пен басымдылықтар әрі қарай осы Есепте сипатталған.

1

Уран сияқты радиоактивті заттармен жұмыс істеу өндіруші компания үшін белгілі бір қиындықтар мен тәуекелдерді тудырады. Бұған рұқсат етілген шектен асатын радиациялық сәулелену қаупінің жалғасуы кіреді. Бұл тәуекелдерді жою үшін «КАТКО» өндірістің әр кезеңінде қатаң стандарттарды әзірледі – геологиялық зерттеу мен өндіруден бастап өңдеуге және жөнелтуге дейін.

Денсаулықты сақтау және радиациялық қауіпсіздік

2

Еңбекті қорғау саласындағы «КАТКО» компаниясының ең маңызды НТК – бұл жұмыста өлімге әкелетін оқиғалардың болмауы. Бұл мақсатқа жетудің негізгі аспектісі – ықтимал қауіптерден сабақ алу және тәуекелдердің алдын алу үшін түзету шараларын анықтау және қабылдау.

Қауіпсіздік техникасы

3

«КАТКО» мен оның акционерлері үшін Компания қызметінің қоршаған ортаға әсері өмірлік маңызы бар. Компания қолданатын жер асты ұңғымалы шаймалау әдісі (ЖҰШ) пайдалы қазбалар кен орындарын игерудің көптеген әдістеріне қарағанда аз инвазивті, бірақ «КАТКО» қоршаған ортаға әсерін болдырмау немесе азайту үшін әлі де көп уақыт пен ресурстарды жұмсауды қажет етеді.

Қоршаған ортаны қорғау және биоалуантүрлілік

4

Әлеуметтік қатысушылық

«КАТКО» әрқашан мүдделі тараптармен ашық қарым-қатынас жасай отырып, жоғары азаматтық жауапкершілігі бар ұйым болуға ұмтылады. Компания қызметкерлері Қазақстанда тұрады. Олардың басым көпшілігі, шамамен 72 %-ы «КАТКО» өндіріс орындарының маңында орналасқан аумақтардың тұрғындары, оның ішінде Түркістан облысының Созақ және басқа аудандары, ал 26 % – басқа өңірлерден. Қызметкерлердің жалпы саны – 1 190 адам, 98 % – Қазақстан азаматтары және 2 %-дан аз бөлігі – шетелдік жұмысшылар.

5

Қызметкерлер алдындағы жауапкершілік

Қазақстан – бұл білікті мамандар үшін бәсекеге қабілетті нарық, және жергілікті қауымдастықтардан жалданатын қызметкерлерді ұстап қалу үшін үлкен ресурстар талап етіледі, сондықтан «КАТКО» барлық қызметкерлерді Компания ішінде өзінің кәсіби дағдылары мен өсуін дамытудың барлық кезеңдерінде қамтамасыз ету үшін барлығын жасайды. «КАТКО» сонымен қатар ішінен де дамуға тырысады және 2020 жылы жергілікті қызметкерлерден 55 еркекті және 17 әйелді (2019 жылы сәйкесінше 63 және 17) қызметі бойынша жылжытуды қамтамасыз етті.

6

Инновациялар

«КАТКО» инновация тұрғысынан Қазақстанда және бүкіл әлемде уран өнеркәсібінде көшбасшы болып табылады. Компания өзінің қазақстандық қатысушыларының жергілікті білімін, сондай-ақ француздық бас компаниясының ауқымы мен жаһандық көшбасшылығын қолдана алатын ерекше мүмкіндікке ие. Сонымен бірге ол оның акционерлері үшін инновациялар көзі болған өзінің ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер бойынша меншікті функционалды бөлімшесін құрды.

5С тәсілі және КӘЖ бойынша міндеттемелер

Тұрақты даму «КАТКО» қызметінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Компания 2025 жылға арналған «Orano» КӘЖ бойынша жаңа міндеттемелеріне қатысты және әлеуметтік жауапты компания ретінде «КАТКО» басты басымдылықтарын көрсететін нақты мақсаттарды анықтады.

- Ядролық қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны және денсаулықты қорғау
- Клиенттердің қанағаттануы
- Үздіксіз жетілдіру
- Қызметкерлерді құрметтеу және дамыту
- Бірлік пен командалық рух
- Этика, ашықтық және диалог

«КАТКО» сонымен қатар «5С» деп аталатын бес стратегиялық міндеттемелерге негізделген міндеттемелер қабылдады.

- Жергілікті тұрғындар
- Климат
- Тұтынушылар
- Капитал
- Құзыреттер

Компания БҰҰ тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) бойынша келесі сегіз ТДМ назар аудара отырып, өзінің көзқарасы мен әрекет ету жоспарымен тығыз байланысты НТК жиынтығын анықтады. БҰҰ осы мақсаттарға анықтама береді: «Барлығы үшін үздік және өте тұрақты болашаққа жету жоспары». Олар жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұмтылыстарды, сондай-ақ «КАТКО» мен оның мүдделі тараптарының ортақ мақсаттарын білдіреді.

Бұл міндеттемелер «КАТКО» компаниясының тұрақтылығын, қызметкерлердің қатысуын, қоғамды қолдауды, климаттың өзгеруімен күресуді және инновацияны оның қызметі мен барлық мүдделі тараптар алдындағы міндеттемелерінің ажырамас бөлігі ретінде енгізуді анықтайды. Бұл Есепте сіз ТДМ логотиптерін және осы бағыттар бойынша Компанияның мақсаттары мен жетістіктерінің қысқаша сипаттамасын көресіз.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ
6 ТАЗА СУ ЖӘНЕ САНИТАРИЯ
7 ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ
8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ
9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС
13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС
16 БЕЙБІТШІЛІК, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР

2025 жылға КӘЖ бойынша міндеттер

Радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны және денсаулықты қорғау

«Ең жоғары стандарттарға бағдар»

- Жұмысқа жарамдылықты жоғалтумен жарақаттану жиілігі коэффициентінің (LTIFR) мәнін деңгейде немесе 0,5 төмен ұстауға тырысады
- Барлық тіркелген оқиғалар жиілігі коэффициентінің (TRIFR) көрсеткішін деңгейде немесе 3,5 төмен ұстауға тырысады
- Өнеркәсіптік тәуекелдер: 2024 жылға қарай оқиғалардың жол берілмеуінің 0 жағдайы

Этика, ашықтық және диалог

«Ақпаратқа қол жетімділікті кеңейту, мүдделі тараптармен диалогты жақсарту және маңызды мәселелер бойынша нақты сөйлесе білу»

- Сәйкестік жоспарын іске асыру

2025 жылға 5С тәсілі

Жергілікті тұрғындар

«Жергілікті тұрғындардың өміріне қатысу және жауапты болу»

- Жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуының жоғары деңгейін қолдау (кем дегенде 98%)
- Қазақстанның жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты қолдау және дамыту
- Жер қойнауын пайдалануға келісімшарт бойынша жергілікті қамту бойынша міндеттемені орындау

Климат

«Көміртектің бейтараптылығына ұмтылу»

- Біздің өндірістік операциялардың нәтижесінде көміртекті эквиваленті CO_2 шығарындыларының төмендеуі
- Біздің электр энергиясының бір бөлігін жаңартылатын энергия көздерінен алу арқылы Қазақстанда электр энергиясының декарбонизациясын қолдау

Құзыреттер

«Біздің миссиямызды өмірге жандандыратын амбициозды және адал қызметкерлерді тарту»

- «Orano» ұсынатын қызметкерлердің елеулі үлесіне жету (75%)
- Біздің қызметкерлерге біліктілігін жоғарылату немесе диплом алу үшін жыл сайынғы тренингтер өткізу (жылдық оқу бюджетінің 5%)
- GRI критерийіне сәйкес әлеуметтік қақтығыстардың ең төменгі деңгейін ұстап тұру
- 61 негізгі позицияға әйелдердің сандық қатынасының артуы (+50%)
- Халықтың осал топтарын жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін беру
- Кен орнындағы вахталық лагерлерде және Нұр-Сұлтан қ. кеңседе интернетке Wi-Fi рұқсатты ұсыну.

Тұтынушылар

«Ресурстарды сақтау мен денсаулықты қорғау үшін инновациялық шешімдерді іздеу»

- Өндірілетін уранның тоннасына су шығынын азайту (-10%)
- Жергілікті тұрғындардың қатысуымен суды тұтынуды бақылау бойынша жоспарды дайындау
- ЖҰШ кезінде ластануды табиғи азайту бойынша болжамды модельдерді әзірлеу
- Төмен радиоактивті қалдықтарды үйінді сілтісіздендіруді, барлық зауыттарда мембраналы технологиясын іске қосу және ұңғымалар тобында концентраторларды қолдану

Капитал

«Тиімді қызмет және қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін қысқарту»

- Біздің аумағымызда пластик қалдықтарды қысқартудың ұлттық саясатын іске асыруға көмектесу
- «КАТКО» халықаралық сертификациясын қолдау
- Кәсіби қызметтің жоғары стандарттары бойынша біздің міндеттемелерді орындау

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША НТК ЖИЫНТЫҚ ГРАФИГІ

608

ҚЫЗМЕТКЕР

АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ БОЙЫНША ТРЕНИНГТЕРДЕН ӨТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ (2020 Ж.)

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ

	2019 ж. мақсаты	2019 ж. нәтижелері	2020 ж. мақсаты	2020 ж. нәтижелері
LTIFR («КАТКО» + мердігерлер)[1]	≤ 0,25	0,45	≤ 0,5	0
TRIFR («КАТКО» + мердігерлер)[2]	< 1	0,45		
AIFR («КАТКО» + мердігерлер)[3]			< 7	2,22
Өлімге алып келетін жазатайым оқиғалар	0	0	0	0
Әлеуетті қауіпті жағдайлар	100	117	100	80
БИОТ бойынша тексеру				
IV[4] деңгейі	2	29	24	17
III деңгейі	96	198	104	207
II деңгейі	1 320	1 597	2 548	2 591
ДЕҚОҚРҚ[5] мәселелеріне арналған кеңістердегі жиналыстар	52	48	53	50
ДЕҚОҚРҚ мәселелеріне арналған КОДИР жиналыстары	52	52	53	53
Жоспарланған жаттығулар саны	34	34	34	34
Екінші және үшінші деңгейдің төтенше жағдайларға әрекет ету жаттығуларының саны[6]	2	2	2	1
Кешенді жоспарлы және мақсатты тексерулер[6]	2	2	1	1

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ИНДИКАТОРЛАР

Қызметкерлердің орташа сәулелену дозасы (2020 ж.)	Рұқсат етілген доза	2020 ж. нәтижелері
«КАТКО» (мЗв)		1,06
Қазақстан (мЗв)[7]	20	

	2019	2020
«А» тобы қызметкерлері үшін сәулеленудің максималды жылдық дозасы (мЗв)[8]	2,74	4,92
Жеке қорғаныс құралдарына шығындар (млн теңге)	98	116

Медициналық кеңес беру	2019	2020
«КАТКО» қызметкерлері	3 749	2 447
Мердігерлердің қызметкерлері	564	537

[1] Жұмысқа жарамдылықты жоғалтуға алып келетін жарақаттану жиіліктерінің коэффициенті (LTIFR) жұмысқа жарамдылықты жоғалтумен барлық жарақаттанулардан тұрады; [2] Барлық тіркелген жарақаттардың жиілік коэффициенті (TRIFR) жұмысқа жарамдылықты жоғалтумен немесе жоғалтусыз барлық жарақаттанудан тұрады; [3] Барлық жарақаттардың жиілік коэффициенті (AIFR) 2020 жылы TRIFR жүйесін алмастырды және медициналық емдеу және алғашқы медициналық көмек жағдайларынан тұрады; [4] COVID-19 шектеулері аға буын менеджерлеріне кеңістерге баруға мүмкіндік бермеді; [5] Пандемия салдарынан үш кездесу болмады; [6] Пандемия салдарынан жаттығуларды өткізу шектелді; [7] 20 мЗв – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 155 бұйрығымен бекітілген «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» гигиеналық нормативтермен реттелетін рұқсат етілген тиімді доза;
[8] «А» тобының қызметкерлері иондаушы сәулеленудің тікелей әсеріне ұшырайды және өндірістік жабдық орналасқан жерлерде жұмыс істейді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҮЛЕС ҚОСУ (ТДМ)

ТДМ 3: ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ

3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ

БҰҰ тұрақты дамуының № 3 мақсаты барлық жастағы барлық адамдарға салауатты өмір салтын насихаттауға және амандығына әсер етуге бағытталған. БҰҰ мәліметтері бойынша, 2017 жылы жағдайына әлем халқының жартысынан азы негізгі медициналық қызметтерді алған*.

«КАТКО» салауатты өмір салты мен өз қызметкерлерінің және олар тұратын жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатын қолдайды; және оның бір жолы – өз қызметкерлеріне және олардың отбасыларына медициналық сақтандыруды қамтамасыз ету.

Компания өзінің нысандары мен айналасындағы қауымдастықтарды COVID-19-дан қорғау үшін арнайы шаралар қабылдады, соның ішінде Түркістан облысы мен Шымкент қаласындағы облыстық ауруханаларға алты ӨЖЖ аппаратын сатып алу.

«КАТКО» жергілікті ауылдарда спорт алаңдарын салып, тұрғындарға спортпен шұғылдануға мүмкіндік берді. Спортты насихаттауға арналған басқа да шаралар қатарына мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған есту аппараттарын сатып алуға көмектескен «KatcoAthleTour» және «Astana Marathon» марафондары кіреді.

2025 жылға қарай Компания жергілікті ауылдарға дәрігерлердің тұрақты сапарларын ұйымдастыруды және қызметкерлер денсаулығының мониторингі бойынша өз күштерін нығайтуды жоспарлайды. Сонымен қатар осы елді мекендерде медициналық қызметтерге рұқсатты арттыру бойынша жобаларды қарастырады.

ТДМ 6: ТАЗА СУ ЖӘНЕ САНИТАРИЯ

6 ТАЗА СУ ЖӘНЕ САНИТАРИЯ

БҰҰ тұрақты дамуының № 6 мақсаты су ресурстарын және барлығына арналған санитарияны ұтымды қолдануды және қол жетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. БҰҰ мәліметтері бойынша, 2017 жылы 2,2 млрд адам таза ауыз сумен, ал 4,2 млрд адам тиісті санитариямен қамтамасыз етілмеген*.

Кен орындарының шалғай орналасуы мен құрғақ климатын ескере отырып, «КАТКО» таза, экологиялық таза су көздеріне қол жеткізудің маңыздылығын түсінетіні сөзсіз. 2019 жылдан бастап «Orano» Тау-кен Бизнес бөлімшесі Әлемдік ресурстар мәселелері жөніндегі институттың (WRI) «Акведук» су ресурстарының атласы» құралының көмегімен бүкіл әлем бойынша оның барлық өндірістік нысандарында судың жетіспеушілік деңгейін бағалады. WRI құралы 2020 жылы жаңартылғаннан кейін «КАТКО» компаниясының өндірістік нысандары шкала бойынша күйзелістің ең жоғары деңгейімен «суды қолдану деңгейі төмен қуаң» ретінде бағаланды.

Соңғы жылдар ішінде Компания көптеген қызметкерлері тұратын бірнеше жергілікті ауылдарда су ұңғымаларын бұрғылауға ықпал етті. «КАТКО» сонымен қатар отбасыларымен оның қызметкерлерінің көпшілігі тұратын Шолаққорғанда сумен қамту жүйесін жөндеуге қолдау көрсетті. Жергілікті тұрғындармен тұрақты кездесулер уақытында Компания суға рұқсат мәселелерін, соның ішінде су жинау ұңғымаларының құрылыс жоспарларын талқылайды.

ТДМ 6 қатысты 2025 жылға дейінгі «КАТКО» жоспарлары жақын жатқан ауылдарда инфрақұрылымдық жақсартулардан, соның ішінде ыстық суға арналған күнмен су жылытқыштарды қамтамасыз етуден, сонымен қатар жөндеу жұмыстарына көмектесуден немесе жергілікті сумен қамту жүйесін жаңартудан тұрады.

** Дереккөз: https://unstats.un.org/sdgs/report/2020/*

«КАТКО» өз қызметкерлерінің, мердігерлердің және жергілікті тұрғындардың денсаулығын және қауіпсіздігін радиацияның әлеуетті әсерінен және басқа тәуекелдерден қорғауға әлі де ерекше назар аударады. 2020 жылы қызметкерлерді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған басқа шаралардан басқа Компания радиациядан қорғау жабдығын түрлендіруді, сонымен қатар әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін өз нысандарында өзгертулерді жүргізді.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Біздің адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ете отырып

Біздің тәсіліміз

Саясат

«КАТКО» негізгі басымдылығы қызметкерлердің, мердігерлердің және жергілікті тұрғындардың денсаулығы мен амандығы болып табылады. Компания бұрынғыдан қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және радиациялық әсерді барынша шектеу үшін үздіксіз жұмыс жасауда және қызметкерлерді де, мердігерлерді де тиісті ЖҚҚ қамтамасыз етеді.

Компания радиациялық қауіпсіздіктің үш негізгі қағидатын ұстанады: негіздеу, оңтайландыру және әсер етуді шектеу. Ол ALARA деп аталатын «әсер етудің қол жетімді төмен деңгейіне» жету үшін жұмыстар басталғанға дейін иондаушы сәулеленудің әсер ету тәуекелін бағалайды.

Міндет

Тұрақты дамуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметі аясында «КАТКО» өзінің барлық қызметтерін оң және қауіпсіз жұмыс жағдайларын ескере отырып жоспарлайды. Компания өз нысандарын жобалау, салу, қолданысқа беру, қолдану және қолданыстан шығару кезінде «Ең бастысы – қауіпсіздік!» қағидатын ұстанады.

COVID-19 пандемия жағдайларында «КАТКО» қызметкерлердің және мердігерлердің әлеуметтік қашықтық талаптарын орындау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы өнеркәсіпті нысандарда өзгертулерді жүргізді. Компания қазір осы талаптарды жаңа жұмыс орындарын ұйымдастырған кезде енгізеді.

Тәуекелді бағалау

«КАТКО» барлық өзінің өндірістік нысандарында радиациялық әсердің тәуекелін бағалауды жүргізеді. Бұл халықаралық стандарттарды сақтап, тексерістен өткен технологияларды қолдана отырып, белгілі бір учаскілердегі гамма және альфа-сәулелену деңгейлеріне өлшеулер мен жүйелі мониторингтер жүргізуден тұрады.

Тәуекелді азайту

Радиациялық әсер ету тәуекелінің алдын алуда және азайтуда «КАТКО» өз қызметкерлерін әсер ету деңгейіне қарай топтарға бөліп, «компартменттеу» (санаттарға бөлу) қағидатын ұстанады. «А» тобының қызметкерлері («радиация әсеріне ұшырайтын жұмыскерлер») иондаушы сәулелену әсеріне тікелей ұшырайды және өндірістік жабдықтар орналасқан жерлерде жұмыс істейді. «Б» тобының қызметкерлері радиация әсеріне ұшырау мүмкіндігі бар жерлерде жұмыс істейді.

«КАТКО» барлық жұмыстарды аймақтарға бөлу және бақылау бойынша қатаң режимдерді ұстанады. Әр түрлі аймақтарда жұмыс істейтін қызметкерлер жеке қорғаныс құралдарына (ЖҚҚ) қатысты санитарлық ережелерді сақтайды және тиісті учаскелер үшін талап етілетін бекітілген тазарту хаттамаларын ұстанады.

Радиоактивтілік дегеніміз не?

Әсер ету көздері

Табиғи радиоактивтіліктің мысалдары

- Жаңбыр суы 0,3-тен 1 Бк/л-ге дейін
- Сүт 0,3-тен 1 Бк/л-ге дейін
- Минерал суы 400 Бк/л-ге дейін
- Адам ағзасы шамамен 130 Бк/кг
- Теңіз суы 10-нан 13 Бк/л-ге дейін
- Радий (1 г) 37 млрд Бк

** Беккере́ль, қысқартылғаны – Бк, бір секундта орта есеппен бір радиоактивті ыдырау орын алатын радиоактивті көздің белсенділігі ретінде анықталады.*

2020 жылдағы жетістіктер

Қызметкерлер мониторингі

Заңнамада белгіленген рұқсат етілген шекті әсер ету деңгейінің сақталуын қамтамасыз ету үшін, «КАТКО» «А» тобының қызметкерлеріне әсер ететін радиация деңгейіне ерекше мән береді. «А» тобының қызметкерлері тоқсан сайын аттестатталған зертханаларда тексерілетін жеке дозиметрлерді пайдаланады. Рұқсат етілген шекті деңгейден асқан жағдайда Компания қызметкерлер жұмысы тексеріліп, әсер ету деңгейін төмендету үшін қажетті шаралар қабылдайды. Соңғы жылдарда мұндай жағдайлар тіркелмеді. Сонымен қатар әр тоқсан сайын «А» тобының қызметкерлеріне қауіпсіз жұмыс әдістері және әсер ету деңгейін азайту мақсатындағы ЖҚҚ қолдану жөніндегі нұсқаулықтар беріледі.

Жергілікті тұрғындар мониторингі

Аялық деңгейден жоғары радиациялық әсер етудің ықтимал тәуекелі түсінікті себептер бойынша жергілікті тұрғындардың алаңдаушылығын туғызады. «КАТКО» Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне, халықаралық жетекші тәжірибелерге және Компанияның ұзақ мерзімді саясатына сәйкес өз нысандарының айналасында қоршаған ортаны зерттеуді жыл сайын жүргізеді.

Сертификатталған зертханалар барлық алынған үлгілердің талдауын жүргізеді. Сонымен қатар Санэпидқадағалау қызметкерлері су мен топырақ сынамаларын зерттеу нәтижелеріне тәуелсіз тексеруді жүргізеді. Қазақстан заңнамасының ережелеріне сәйкес Компания су және топырақ талдаулары бойынша жыл сайынғы және тоқсандық есептерді Экология департаментіне ұсынады.

Қорғаныс құралдарына инвестициялау

Өз қызметкерлеріне радиациялық әсер ету деңгейін азайту мақсатында «КАТКО» оқытуға, ЖҚҚ және өндірістік объектілерге тікелей инвестициялайды. Компания 2019 жылы өз қызметкерлерін радиациядан қорғау үшін жабдыққа шамамен 98 млн теңге және 2020 жылы – 116 млн теңге жұмсады. Бұл қызметкерлерді әлеуетті радиациялық әсерден қорғау үшін қолданылатын мониторингтік және залалсыздандырғыш жабдықты жақсартудан тұрады. Жаңа жабдық радиация деңгейін мұқият өлшейді және қызметкерлер радиациялық әсер аймағынан шыққан кезде жұқтырудың алдын алуға мүмкіндік береді.

COVID-19 таралуының алдын алу мақсатында радиациядан қорғауға арналған жабдықтан басқа Компания сонымен қатар қызметкерлер мен мердігерлер үшін ЖҚҚ және тесттерге, соның ішінде 480 000 бетпердеге, 32 УК-кварц шамына және 15 000-нан астам ПТР-тестке 300 млн теңгеден астам сома жұмсады.

2020 жылы «А» тобы қызметкерлеріне әсер ететін орташа жылдық радиация деңгейі 4,92 мЗв құрайды, бұл Қазақстанның санитарлық нормаларымен белгіленген ең жоғары 20 мЗв әсер ету деңгейінен әлдеқайда төмен. «КАТКО» компаниясы және жергілікті билік органдары жүргізген тестілеу Компания объектілері айналасындағы елді мекендердегі радиация деңгейі жыл ішінде 0,09 және 0,13 мЗв/сағ аралығында екенін көрсетті. Бұл сандар табиғи радиациялық фонның күтілетін деңгейіне сәйкес келеді.

«А» тобының қызметкерлері үшін сәулеленудің максималды жылдық деңгейі, 2018–2020 жж. (мЗв)



** 2020 жылы сәулелену деңгейі зауыттағы кальцийлеу учаскесінде жөндеу жұмыстарының салдарынан артты.*

Қоғамдық қауіпсіздік пен ашықтық үшін, қосымша кепілдік ретінде ағымдағы радиация деңгейін өлшеу үшін Компания Төртқұдық және Мойынқұм кен орындарының өндірістік объектілері мен алаңдарының жанында цифрлық ақпараттық дисплейлер орнатты.

Жыл сайынғы медициналық тексерулер

«КАТКО» барлық санаттағы қызметкерлерді, соның ішінде мердігерлерді үнемі медициналық тексеруден өткізеді және білікті медициналық көмекке қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Профилактикалық медициналық қызмет көрсету жұмыс орнында қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, себебі сырқат жұмысшы оны және басқа адамдарға қауіп төндіруі мүмкін жанжалды тудыруы мүмкін. 2020 жылы Компанияның медициналық қызметкерлері жалпы қызметкерлер үшін 2 447 және мердігерлер үшін 537 кеңес беруді жүргізді.

«КАТКО» көптеген қызметкерлері Компанияда 10-15 жыл жұмыс істеді. Бұл адамдар үшін жыл сайынғы медициналық тексерулер маңызды бола бастайды. Жоғары тәуекел тобына 50 жастан асқан қызметкерлер және әлеуетті зиянды жағдайларда жұмыс істейтін «А» тобының қызметкерлері кіреді. 2020 жылы «А» тобына 2019 жылдағы 462 (39,4%) салыстырғанда 506 адам (бүкіл штаттың 42,5%) кірді. «КАТКО» ілеспе тәуекелдердің деңгейін төмендету жолдарын іздейді және осы топтарға кез келген теріс әсерді алдын алады.

Салауатты өмір салтын насихаттау

Компания өз қызметкерлерінің, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша жұмыс істейді, соның ішінде Төртқұдық және Мойынқұм аумақтары арасында ұзындығы 40 шақырым «КАТКО» жыл сайынғы марафон сияқты салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған бірнеше іс-шараларға демеушілік көрсетеді. Қызметкерлер мен мердігерлер 15 000 шақырым жылдық мақсатты орындай отыра, қайырымдылыққа ақша жинау үшін басқа да жүгіруге қатысады.

COVID-19 таралуын алдын алу үшін енгізілген шектеулерге байланысты 2020 жылы салауатты өмір салтын насихаттайтын көптеген «КАТКО» іс-шаралары онлайн режимінде өтті. «КАТКО» қатысушысы – «Қазатомөнеркәсіп» компаниясы – онлайн-Спартакиаданың бастамашысы болды, онда оның барлық еншілес компаниялары киберспортта және физикалық жаттығуларда жарысты. Төрт адамнан тұратын киберспорт бойынша Компания командасы мобильді ойындарда екінші орын алды.

2020 жылы «КАТКО» сонымен қатар «KatcoAthleTour» қайырымдылық бағдарламасын марафонсыз жалғастырды. Пандемияға қарамастан, жұмысшылар жүгірген жеке қашықтықтар туралы есептерді жіберуді жалғастырды, бұл дағдарыс кезінде, көптеген адамдар локдаун салдарынан екі немесе үш ай бойы кен орнында болған кезде ерекше әсер қалдырды. Бұл қатысушылардың бала күтіміне қосқан үлестеріне қаншалықты мән беретінін дәлелдейді. 2020 жылы Компания 15 000 шақырымдық мақсатқа жетті.

«КАТКО» тіркелген радиацияның орташа деңгейімен салыстырғанда Қазақстандағы радиацияның 5 жылдық рұқсат етілген радиация деңгейлері (мЗв)



«КАТКО» компаниясының қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тәсілі жазатайым оқиғалардың тәуекелін қысқарту үшін тәуекелдерді басқаруға және әлемдік тәжірибені қолдануға негізделеді. Бұл әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамыту процесіне тартудан тұрады. 2020 жылы Компания жұмысқа жарамдылықты уақытша жоғалтумен нөлдік жарақаттануға қол жеткізді және қауіпсіздік мәдениетін ары қарай жылжыту үшін «Orano» технологиялық процестерінің қауіпсіздік басқармасының жаңа жүйесін енгізуге кірісті.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып

5 ЕРЕЖЕ

Біздің тәсіліміз

Саясат

«КАТКО» өз қызметкерлері мен мердігерлерінің қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету үшін, жұмыс орындарындағы апаттармен жазатайым жағдайлардың алдын алу үшін, сондай-ақ қолайлы еңбек жағдайларын жасау үшін аянбай еңбек етеді. Компания мықты еңбек қарым-қатынастары осы процесте маңызды рөл ойнайды деп санайды. Тәуекелдерді басқаруға және озық тәжірибелер мен технологияларға үнемі көңіл бөлу арқылы «КАТКО» өзінің «Ең бастысы – қауіпсіздік!» деген қағидатын ұстана алады.

Міндет

Қауіпсіздік мәселесіндегі Компанияның негізгі міндеті өлімге әкелген жазатайым жағдайлардың болмауына қол жеткізу болып табылады. Өзінің барлық қызметкерлері мен мердігерлерінен «КАТКО» өзінің барлық нысандарына еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасының қатаң стандарттарын қатаң орындауды талап етеді

Қауіпсіздік мәдениеті

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік үшін негізгі жауапкершілікті Компания басшылығы өзіне алады, дегенмен «КАТКО» компаниясында өзінің қауіпсіздігі және қоршағандардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік барлық қатысушыларға, оның ішінде жұмыскерлерге, серіктестерге, мердігерлерге және қонақтарға бірдей жүктеледі деп есептейді.

Барлық жұмыс орындары «жоғарыдан төменге және төменнен жоғарыға» қағидаты бойынша ақпарат алмасу процесіне қатыстырылады. Қауіпсіздікті бағалау сапарлары, жиналыстар, нұсқаулықтар және қауіпсіздік стандарттары қауіпсіздік процедураларының жұмыс орнындағы барлық жұмысшылардың бірізділіг ін, дұрыс түсінуін және сақталуын қамтамасыз етеді. Мысалы, «Басшы жұмыс орнында» бағдарламасына сәйкес адамдардың жұмысын бақылау, денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша ашық сөйлесу және қажет болған кезде шараларды қабылдау мақсатында кеңселерден менеджерлердің баруын қарастырады.

«КАТКО» «Orano» компаниясының «5 ереже және 7 стандарт» тәсілінің көмегімен өзінің қауіпсіздік мәдениетін нығайтады. Ережелер әрбір қызметкердің және мердігердің күнделікті жұмысына тікелей енгізілген. Компания басшылықтың белсенді қатысуы кезінде барлық деңгейлерде оларды қолдануды талап етеді.

Нысандағы медициналық көмек

«КАТКО» компаниясы өз қызметкерлеріне аптасына жеті күн тәулік бойы медициналық қызмет көрсету үшін мамандандырылған медициналық бөлімшелерді ұйымдастырды. Үш медициналық бөлімше халықаралық стандарттарға сәйкес жедел медициналық көмек көрсету үшін жабдықталған және толықтай қамту және жедел әрекет ету үшін Компанияның өндірістік алаңдарында орналасқан.

Ресми медициналық бөлімшелерден басқа, «КАТКО» компаниясында алғашқы медициналық көмек көрсету қызметкерлерін оқыту шаралары да жүргізіледі. 2020 жылы 608 қызметкер (жалпы санның 51 %) осындай оқудан өтті. Осы сан кеніштерде медициналық алғашқы көмекті көрсету дағдыларына қызметкерлерді оқыту бойынша НТК мақсатты мәнінен кемінде 30 %-дан асады.

7 СТАНДАРТ



2020 жылдағы жетістіктер

Қауіпсіздік деңгейінің көрсеткіштері

«КАТКО» компаниясы өзінің ДЕҚОҚРҚ саласындағы бастамаларын үнемі жетілдіріп және мүмкін жерлерде өлшенетін НТК енгізе отырып, қауіпсіздік мәдениетін дамытуға ұмтылады. Компания 12 айлық еңбекке жарамсыздыққа әкелетін жарақаттар жиілігінің коэффициентін (LTIFR) бақылайды – бұл әлемдегі жұмыс орнындағы қауіпсіздікті бағалаудың ең кеңінен қолданылатын критерийлерінің бірі. 2020 жылдан бастап Компания барлық тіркелген жарақаттанудың 12 айлық коэффициентін (TRIFR) барлық жарақаттар жиілігінің 12 айлық коэффициентіне (AIFR)* алмастырды.

2019 және 2020 жылдарға «КАТКО» мақсатты қауіпсіздік көрсеткіштері:

- өлімге алып келген жазатайым оқиғалар нөл
- 2019 жылы LTIFR ≤ 0,25 және 2020 жылы ≤ 0,5
- 2019 жылы TRIFR ≤ 1,0
- 2020 жылы AIFR < 7

2018–2020 жылдардағы қауіпсіздік саласындағы «КАТКО» нәтижелері

	2018	2019	2020
LTIFR	0,45	0,45	0,00
TRIFR	0,67	0,45	–
AIFR	–	–	2,22

«КАТКО» бұл сандарды нөлге дейін төмендетуге міндеттенеді, ол LTIFR коэффициенті бойынша 2020 жылы мақтанышпен қол жеткізді. 2019 жылы орын алған еңбекке жарамдылықты уақытша жоғалтумен екі жазатайым оқиғадан кейін Компанияда 2020 жылы пандемиямен туындаған күрделі жағдайға қарамастан еңбекке жарамдылықты уақытша жоғалтумен жарақаттанудың нөлдік деңгейі тіркелді. Әлеуетті қауіпті жағдайлар жазатайым оқиға болғанда оларды анықтау мақсатында мұқият қадағаланды.

Қауіпсіздік деңгейінің тағы бір көрсеткіші ретінде 2021 жылы, есеп беру кезеңінен кейін, «КАТКО» OHSAS 14001 (2015) және ISO 45001 (2018) халықаралық стандарттарына сәйкес Еңбек қауіпсіздігі мен қауіпсіздігін басқару жүйесін қайта сертификаттаудан өтеді.

Қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту

«КАТКО» компаниясының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі міндеттемелер шеңберінде бүкіл бөлімшелердің қызметкерлері үшін кешенді оқыту курстарын қамтамасыз етеді. 2020 жылы Компанияның қызметкерлері мен мердігерлері денсаулықты қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік (ДЕҚОҚРҚ) тақырыптары бойынша 23 000 сағаттан аса сыртқы және 2 410 сағат ішкі тренингтерден өтті.

Мұндай оқыту қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал ететіндігін анықтау үшін Компания өз нысандарында төтенше жағдайларға әрекет ету бойынша әртүрлі деңгейде оқытуды өткізеді:

- I-деңгей: Өрт сөндіру жаттығулары сияқты жергілікті оқыту, тоқсанына бір реттен кем емес.
- II-деңгей: Жоғары басшылықтың қатысуымен жергілікті оқыту, екі жылда бір реттен кем емес.
- III-деңгей: Жоғары басшылықтың және «Orano» Тау-кен Бизнес бөлімшесінің бас кеңсесі өкілдерінің қатысуымен жергілікті оқыту, жылына бір рет.

2020 жылы Компания өз аумақтарында екінші деңгейдің бір оқытуын және үшінші деңгейдің бір оқытуын өткізді. COVID-19 туындаған жағдайға байланысты жоспарланғанға қарағанда бір оқыту кем өткізілді. Осы оқытуларда нысандардағы қызметкерлер мен мердігерлер қатысады. Сонымен қатар «КАТКО» ДЕҚОҚРҚ мәселелеріне арналған кеңіште 50 жиналысты және КОДИР 6 жиналысты ұйымдастырды. IV деңгейлі апаттарды тарату жоспарын 24 жоспарланған тексерісінің 17 тексерісі өткізілді; тағы 7 пандемияға қатысты шектеулерге байланысты кейінге қалдырылды.

* *Еңбекке жарамдылықты жоғалтумен жарақат жұмыс уақытын жоғалтуға алып келетін қатерлі емес жарақат ретінде анықталады. LTIFR, TRIFR және AIFR коэффициенттері миллион жасалған адам-сағатқа оқиғалардың саны ретінде анықталады. TRIFR коэффициенті жұмыс уақытын жоғалтуға алып келген жарақаттану коэффициентін (LTI) зардап шеккен адамдарды медициналық емдеумен жарақаттану коэффициентіне (MTI) көбейту арқылы есептеледі. AIFR медициналық қызмет көрсету және алғашқы медициналық көмек көрсету жағдайларынан тұрады, нәтижесінде жоғары мақсатты көрсеткіштерге және нәтижелерге алып келеді.*

> **Бұл стандарттарды қолдану ТПҚБ саласындағы мамандар тобын оқытудан, мердігерлерді белсенді тартудан тұрады. Осы тәсіл «КАТКО» компаниясына негізгі тәуекелдермен және еңбекке жарамдылықты жоғалтумен негізгі жарақаттану көздерімен күресуге, сонымен қатар өзінің өндірістік алаңдарының айналасындағы қоршаған ортаны қорғауды қамтамсыз етуге көмектеседі.**

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бірлескен міндеттемелер

Қауіпсіздік мәдениетін одан әрі нығайту үшін 2012 жылдан бастап «Orano» маусым айын «Қауіпсіздік айы» деп жариялады. Осы бастама аясында «КАТКО» барлық қызметкерлер мен мердігерлер үшін ақпарат алмасу, озық тәжірибені талқылау, қызметтегі жетістіктер мен кемшіліктерді бағалау және жақсартуды қажет ететін салаларды анықтау мақсатында Қауіпсіздік күніне арналған іс-шаралар өткізеді.

Қауіпсіздік күніне арналған іс-шараларда қызметкерлер мен мердігерлер пайдалы сабақ алу үшін ауыр жазатайым жағдайларды зерттейді, ал басшылық қызметкерлерді қауіпсіздікті қамтамасыз еткендері үшін марапаттайды. 2020 жылдың маусым айында «КАТКО» қауіпсіз техникасына арналған «Мен дұрыс таңдау жасаймын» кампаниясын іске қосты, оның шеңберінде бес қауіпсіз ережелерінің біреуін талқылау үшін жұмысшылар мен жетекшілердің апта сайынғы кездесулерін жүргізеді. Пандемияға байланысты қауіпсіздік айы барлық жұмысшыларды тартумен үш айға созылды.

Кампанияның мақсаты қауіпсіздік ережелері туралы ақпараттандыру болды. Қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлер үшін Компания негізгі тақырыптарды бекіту үшін апта сайын тестілеу өткізді. Кампания соңында өндірістік нысандардың барлық қызметкерлері, сонымен қатар кеңсе қызметкерлері мәні суреттер жинағында қауіпті жағдайлардың көп мөлшерін анықтаудан тұратын тәуекелдерді анықтау бойынша ойынға қатысу үшін шақырылды. Жеңімпаздарға алғыс айтып, жетістіктері үшін сыйлықтармен марапатталды. Қызметкерлерден ойын туралы оң пікір алғаннан кейін, «КАТКО» оны жыл сайынғы қауіпсіздік айына қосу мүмкіндігін қарастыруда. 2020 жылдың аяғында кампания сонымен қатар «Қазатомөнеркәсіптің» ТОП-3 іс-шараларында «Қызметкерлердің қатысуы жоғары үздік жоба» номинациясында болды, себебі оған қызметкерлердің 90 %-дан астамы қатысты.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бастамалар

«КАТКО» компаниясының қауіпсіздік бойынша ең маңызды НТК өлімге әкелетін оқиғалардың болмауы болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізудің негізгі аспектісі әлеуетті қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша түзету әрекеттерін анықтау және өткізу болып табылады. Осы басымдылықты үнемі назарда ұстау үшін Компания әлеуетті қауіпті жағдайлардың (near-miss) санын белгілейтін НТК анықтады, Компанияның пікірінше, ол өлімге әкелетін оқиғалардың болмауын қамтамасыз ету үшін жыл сайынғы есептерге қосылуы керек: 2019 жылы 117 жағдай болды, 2020 жылы – 80, бұл жағдайда НТК мақсатты көрсеткіші әрбір жылға 100 жағдайды құрады.

Технологиялық процестердің қауіпсіздігін басқару дегеніміз не?

Технологиялық процестердің қауіпсіздігін басқару (ТПҚБ) қызметкерлердің, мердігерлердің денсаулығына және қауіпсіздігіне, қоршаған ортаға немесе Компанияның қызметіне елеулі түрде әсер етуі мүмкін зиянды заттардың, технологиялық ерітінділердің жағымсыз тастандыларын немесе өртті немесе жарылысты бақылауға жүйелі тәсілден тұрады. Бұл аса қауіпті химиялық заттарды және заттарды қауіпсіз пайдалануға арналған АҚШ Еңбек қорғау стандарттарымен, сонымен қатар Қоршаған ортаны қорғау агенттігінің Тәуекелдерді басқару жоспарына қосылған ұқсас стандарттармен белгіленген ережелер жинағы және регламент.

Еңбек қорғау басқармасының регламенті АҚШ аумағында міндетті және тау-кен өндіру және ядролық өнеркәсіп үшін қауіпсіздік техникасы саласындағы әлемдік практиканың халықаралық стандарты болды. Ол қызметкерлердің қауіпсіздік техникасы жоспарының бөлігі ретінде тәуекелдерді анықтауға және адамдарды және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған 14 мойындалған және өзара байланысты әдісті қамтыды.

«КАТКО» қатысушысы – «Orano» компаниясы – бүкіл әлем бойынша барлық операцияларға интеграцияланған ТПҚБ жасауға және енгізуге тырысады. 2020 жылы Компания 2023 жылға дейін өзінің барлық өндірістік алаңдарында ТПҚБ регламенті мен әдістерін енгізу мақсатын қойды. Бұл стандарттарды қолдану ТПҚБ саласындағы мамандар тобын оқытудан, мердігерлерді белсенді тартудан тұрады. Осы тәсіл «КАТКО» компаниясына негізгі тәуекелдермен және еңбекке жарамдылықты жоғалтумен негізгі жарақаттану көздерімен күресуге, сонымен қатар өзінің өндірістік алаңдарының айналасындағы қоршаған ортаны қорғауды қамтамсыз етуге көмектеседі.

ТПҚБ сарапшылары кез келген кешенді өндірістік алаңда 14 әдісті енгізуге әмбебап тәсіл жоқ екенін баса көрсетеді. «КАТКО» ары қарай оқыту бағдарламаларын құрастыру үшін оның өндірістік алаңдарында қолданылатын аса қауіпті химикаттарды ескерумен бастамаларды әзірлеу кезеңінде.

ТПҚБ толық шешім емес, керісінше еңбекті қорғау, денсаулық және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған стандарттар мен әдістердің кең спектрінің маңызды компоненті болып табылады. «КАТКО» өндірістік алаңдарындағы қауіпсіздік мәселесі алдымен Компанияның әрбір деңгейінде бұрын орнаған қауіпсіздік мәдениетін тұрақты дамытуға тәуелді, онда әрбір қызметкер және әрбір мердігер өз әріптестерінің, өзінің және жергілікті қоршаған ортаның қауіпсіздігін бірінші орынға қояды. Осыған қарамастан, ТПҚБ аса қауіпті химикаттарға және өндірістік процесте оларды қауіпсіз қолдануға байланысты әлеуетті тәуекелдерді анықтауға арналған, халықаралық деңгейде мойындалған маңызды стандарт болып табылады.

«КАТКО» өзінің бүкіл қызметінде қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қолдауға тырысады. 2020 жылы Компания Оңтүстік Қазақстаннан шығатын сексеуілді зерттеуді бастады, биоалуантүрлілікті зерттеуге кірісті, сонымен қатар парник газдарының тастандыларын қысқарту бойынша бес жылдық жобаны іске асыруды бастады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК

Біздің әлемімізге қамқорлық жасай отырып

Біздің тәсіліміз

Саясат

Қоршаған ортаны қорғау «КАТКО» компаниясы қызметінің стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Компания өзінің барлық қызметінде экологиялық тәуекелдердің туындауын алдын алу мәдениетін қолдайды. Қызметкерлер жауапкершілікпен әрекет етіп, бақылау іс-шараларын жүргізіп, мүмкіндігінше, «КАТКО» компаниясының экология саласындағы жетістіктерін жақсартуға ұмтылуы керек. Компания өз жұмысында нұсқаулықтар ретінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі сегіз стандартты әзірледі және енгізді.

8 экологиялық стандарттар

Қалдықтарды сұрыптау | Су ресурстарын ұтымды пайдалану | Энергия менеджменті | Экологиялық оқиғаларды басқару | Атмосфераға бөлінетін шығарынды-ларды азайту | Табиғи биологиялық ортаны сақтау | Учаскелерге ҚТҚ орналастыруды азайту | Қағазды ұтымды пайдалану

Міндет

«КАТКО» міндеті – өз қызметінің қоршаған ортаға әсерін максималды көлемде басқару, бақылау және жеңілдету. Бұл жаңартылатын энергия ресурстарын пайдалану үлесін арттыру, мүмкін болған жерлерде материалдарды өңдеу және қайта пайдаланудан тұрады. «КАТКО» компаниясының ЖҮШ әдісін қолданатын тау-кен өндіруші компания ретіндегі ұзақ мерзімді мақсаты аумақты тазартуды және ағаш отырғызуды қоса алғанда, пайдаланылған учаскелерді бастапқы күйіне келтіру болып табылады.

Компанияның құнарлығын қалпына келтіру және ағаш отырғызу жобалары туралы ақпарат 42-бетте берілген.

Қоршаған ортаны қорғау саласында басқару

Өз жұмысында «КАТКО» ішкі регламенттерді, сондай-ақ нормативтік талаптарды орындайды. Компания өз қызметінің әр кезеңінде – қыртысты игеруден бастап уранды өндіру және қайта өңдеуге дейін қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге тырысады. «КАТКО» мүдделі тараптарды басқару Жоспарының негізінде COVID-19 пандемиясына байланысты шектеулер алынғаннан кейін суға, ауа сапасына және басқа экологиялық және әлеуметтік мәселелерге байланысты мәселелер бойынша, соның ішінде өндірістік нысандарды қалпына келтіру жоспарлары бойынша жергілікті тұрғындармен тұрақты кездесулер арқылы тұрақты диалогты ұстануды жоспарлайды.

Бастапқы тексеру

Бастапқы кезеңде «КАТКО» командасы учаскенің аялық жағдайын бағалайды. Бұл кезеңге жобаны іске қосқанға дейінгі қоршаған ортаның физикалық, радиологиялық, биологиялық және әлеуметтік-экономикалық компоненттерінің егжей-тегжейлі тізімін құрастыру кіреді.

Жобаны әзірлеу

Бұл кезеңде экологиялық және әлеуметтік әсерді талдау арқылы игерілетін кен орнының қоршаған ортаға (су, ауа, топырақ, флора мен фауна және т. б.) әсер ету дәрежесі бағаланады. Учаскені қалпына келтіру сатысының негізгі қағидаттары әзірленеді. Мамандандырылған экологтар топтары «КАТКО» стандарттарына және халықаралық озық тәжірибелерге сәйкес техникалық инфрақұрылымға қатысты алдын ала зерттеулерге қатысады.

Өндіру
Уран өндіру басталғаннан бері қоршаған орта жағдайын бақылау жалғасуда және күшейтілуде. «КАТКО» өзінің өндірістік нысандарында қоршаған ортаны, денсаулықты және қауіпсіздікті қорғау жөніндегі бірнеше халықаралық сертификатты алды және жаңартты. 2021 жылы Компания ISO 45001:2018 бойынша сертификаттауды және ISO 14001:2015 бойынша қайта сертификаттауды аяқтауды жоспарлайды.

Инновациялар арқылы қалпына келтіру
«КАТКО» компаниясының ҒЗТКЖ саласындағы мамандары өндіру жұмыстары аяқталғаннан кейін учаскені табиғи ортаға реинтеграциялау операцияларын зерттеуде және бағалауда. Қалпына келтіру технологиялары мен әдістері «Бас жоспар» атауымен жақын жылдарға Компанияның негізгі жобалар жоспарына енгізілді.

Табиғатты ұтымды пайдалану

Уран кенін өндіру және қайта өңдеу аумағын пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде шикізатқа және ресурстарға, әсіресе, суға және энергияға қажеттілікпен бірге жүреді. «КАТКО» табиғи ресурстарды тұтынуды және тастандыларды оңтайландыруға, қалдықтарды кәдеге жарату тәсілдерін табуға және ол жұмыс істейтін экожүйені қорғауға тырысады.

Компания табиғатты ұтымды пайдалану қоғам тарабынан оның қызметінің жарамдылығының және мақұлдауының кілті болып саналады.

Су
Бағалы табиғи ресурс бола отырып, су «КАТКО» жұмыс істейтін қоршаған ортаның және қауымдастықтардың амандығы үшін, сонымен қатар оның тау-кен кәсіпорындарының тоқтаусыз жұмысы үшін маңызды.

Пайдалы қазбаларды өндіру бойынша қызмет саны жағынан ғана су ресурстарына елеулі әсер етіп қоймай, олардың сапасы үшін де әлеуетті. Осы ресурсты сақтау үшін су мәселесі Компанияның тұрақты назарының мәні болып табылады.

Қалдықтар
Пайдалы қазбаларды өндіру тиісті экологиялық нормаларды орындау, сондай-ақ «КАТКО» қызметінің кез келген әсерін азайту үшін тиісті басқару керек қалдықтардың пайда болуына алып келеді.

Компанияның саясаты өзінің меншікті қалдықтары үшін жауапкершілікті өзіне алудан және олардың радиоактивті және әдеттегі қалдықтар болып табылатындығына тәуелсіз және барлық ережелерге сәйкес оларды тиісті басқарудан тұрады.

«КАТКО» қалдықтар көлемі, 2018–2020 жж. (тоннамен)

2018	2019	2020	Типі	Ескертпелер
30 626	20 510	20 430	**Әдеттегі қалдықтар** (пайда болған)	
968	702	477	**Қайта өңделген қалдықтар**	2020 жылы қайта өңделген қалдықтар көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 32%-ға қысқарды, себебі COVID-19 пандемиясы жағдайларында металл сынығы, пайдаланылған май және ласталған топырақ пайда болды.
592	1 180	877	**Төмен радиоактивті қалдықтар**	Есеп беру кезеңі үшін пайда болған төмен радиоактивті қалдықтардың мөлшері кен орнында ластанған топырақты тазалау бойынша жұмыстарды ауыстыруға байланысты жылдық аударымды 25,7% қысқартты.
29 030	18 642	19 081	**Бұрғылау ерітіндісі**	
74	6	5	**Қатты тұрмыстық қалдықтар** («КАТКО» полигонында кәдеге жаратылады)	

Қалдықтардың көлемі мен оларды пайдалану нысанға тәуелді ауытқиды. Олар мүмкіндігінше қайта өңдеуге дейін сәйкестендіріледі, жіктеледі және сақталады.

Өндірістік аймақтардың топтары оларды соңғы шығару немесе жоюға дейін қалдықтарды бақылауды қамтамасыз ету үшін жұмыс істейді. Бұл олардың экологиялық менеджмент жоспарының (ISO 14001) бөлігі болып табылады. «КАТКО» ластанудың алдын алу, тастандыларды және қалдықтарды басқару және адам денсаулығына және қоршаған ортаға кез келген әсерлерге әрекет ету үшін қалдықтарды басқаруға (алдын алу, қайтадан қолдану, қайта өңдеу және кәдеге жарату) иерархиялық тәсілді қолданады.

Климат
Ядролық энергияның көміртегі аз электр энергиясына ауысуда алатын рөліне сенгендіктен, 2004 жылдан бастап «Orano» мен топқа кіретін компаниялар парниктік газдар (ПГ) шығарындыларын азайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп, Париж келісімінің мақсаттарына өз үлестерін қосуда. 2020 жылы «КАТКО» парниктік газдар шығарындылары төмендеді, бұл өндіріс деңгейінің төмендеуіне байланысты.

2020 жылы, оның қатысушысы «Orano» жүзеге асырған бастама аясында, «КАТКО» 1 (тікелей) және 2 (жанама) санаттағы парниктік газдардың (ПГ – CO_2) шығарындыларының мөлшерін анықтау процесін бастады. Компания шығарындылары Қазақстанның басқа өнеркәсіп салаларына қарағанда төмен болғанымен, ол дизель отынын және бензинді, соның ішінде генераторлар және көлік құралдары үшін қолданады. «КАТКО» «энергетикалық» тастандылары негізінен көмірді қолданатын, энергиямен жабдықтың Қазақстанда қол жетімді нұсқаларының маңыздылығын көрсетеді. Декарбонизация бойынша «Orano» стратегиясын орындай отыра, Компания 2015 жылмен салыстырғанда 2025 жылға қарай 1 және 2 санатты шығарындыларды 30%-ға төмендетуді көздейді.

Бұл «КАТКО» компаниясының алдағы бес жылдағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы маңызды бастамаларының бірі және Компанияны таза энергия көздеріне көшуге және парниктік газдар шығарындыларын азайтуға көмектеседі.

Компанияның құнарлығын қалпына келтіру және ағаш отырғызу жобалары туралы ақпарат 42-бетте берілген.

Энергия
«КАТКО» өз нысандарын сенімді энергиямен қамтамасыз етеді. Энергияны негізгі тұтыну көлік құралдары және белгілі бір жабдық қолданатын дизель отыны және бензинмен қатар ұлттық электр желісінен жүзеге асырылады. Оның қазбалы отыннан немесе жаңартылатын отыннан өндірілу не өндірілмеуіне тәуелсіз Компания өз нысандарында энергияны тұтынуды тұрақты бақылайды.

Қоршаған орта мониторингі
«КАТКО» компаниясының ішкі саясатына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес су, ауа және топырақ жағдайына жүйелі түрде бақылау жүргізіледі. 2020 жылы Компания бақылау ұңғымаларынан су сынамаларының 326 талдауын (2019 жылы 319 сынама) және су сапасының 79 аспаптың өлшеуін (2019 жылы 79) ұйымдастырды. Қазандық қондырғылардан, қалдықтарды көмуге арналған полигондардан ықтимал тастандылармен және санитарлық қорғау аймақтарынан 22 алаңда аккредитацияланған зертхана тоқсан сайын аммиак, көміртегі оксиді, азот қос тотығы, күйе және күкірт қышқылы сияқты заттардың тастандыларының болуына сынақтар жүргізеді. 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде тоқсан сайынғы мониторинг барысында зиянды тастандылардың мөлшерінің артуы анықталмады.

Компания суды қайта пайдалану және сақтау бойынша бірнеше арнайы бағдарламаларды жүзеге асырады. Түркістан облысының көптеген аудандарының жартылай қуаң орталарында су аса маңызды ресурс болып табылады, сондықтан су ресурстарын басқару бірінші кезектегі басымдылық болып табылады. Компания суға рұқсат, оны қолдану және техникалық суды өңдеу мәселесі бойынша жергілікті тұрғындармен диалогты қолдайды. Ауа немесе су ластанған кезде «КАТКО» бұл туралы жергілікті тұрғындарға тез арада хабарлайды.

2025 жылға өзінің жол картасы шеңберінде «КАТКО» қалдықтарды басқару бойынша жұмысшы топты ұйымдастырды. 2025 жылға негізгі міндет өндірілген уранның килограмына литрмен алынған судың меншікті шығынын 10%-ға және жойылмайтын қалдықтардың көлемін 25%-ға қысқарту болып табылады.

Компания ағаштар мен өсімдіктерді суару үшін қауіпсіз ағын суларды қайтадан қолдануға ықпал етеді, 2018 жылдан бастап суды тұтынудың жалпы мөлшерін 13% қысқартты.

79
АУА САПАСЫНЫҢ АСПАПТЫҚ ӨЛШЕМДЕР САНЫ (2020 Ж.)

600 ағаш
2020 ЖЫЛЫ ВАХТАЛЫҚ ЛАГЕРЛЕР АУМАҒЫНА ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

3,200 м²
СЕКСЕУІЛ ДӘНДЕРІ МЕН КӨШЕТТЕРІ БАР ТЕСТІЛІК АУМАҚ

Биоалуантүрлілік

Сексеуіл Түркістан облысының экожүйесінде маңызды рөл атқарады. Сексеуіл сыртқы әсерлерге төзімді, бірақ баяу өседі. Оның қуатты тамырлар жүйесі қуаң ортада топырақ эрозиясының алдын алуда маңызды рөл атқарады және жергілікті экожүйесінің зәкірі болып табылады. Сексеуіл жүз жыл бойы өседі және жергілікті тұрғындар құрылыста және отын ретінде қолданылатын маңызды ресурс болып табылады. «КАТКО» кеніштердің айналасына сексеуіл отырғызу мен көшіріп отырғызуды белсенді түрде жүзеге асырады және 100 000 астам дәндер мен көшеттерді отырғызды.

22 сәуірде бүкіл әлемде атап өтілетін Жер күнін атап өту шеңберінде «КАТКО» жыл сайын ағаш отырғызу шарасын ұйымдастырады. Жұмысшылар Төртқұдық және Мойынқұм учаскелерінің вахталық ауылдары аумағына көшеттер отырғызады. Соңғы бес жылда барлығы 600-ге жуық ағаш отырғызылды.

2020 жылдағы жетістіктер

Экологиялық кодекске алдағы өзгерістерге байланысты олқылықтарды талдау

«КАТКО» сонымен қатар 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне енгізілген өзгерістерге байланысты олқылықтардың талдауын жүргізуде. Осыған сүйене отырып, Компания өзінің бастамасы бойынша қолданыстағы ережелер мен соңғы Кодекс арасындағы сәйкессіздіктерді жоюды жоспарлап отыр.

Төмен радиоактивті қалдықтарды зерттеу

«КАТКО» төмен радиоактивті қалдықтарды залалсыздандыру үшін техника-экономикалық негіздемені (ТЭН) дайындайды. ТЭН сәтті іске асырған кезде бұл оқшаулардың мамандандырылған аймақтарында сақтау керек топырақ көлемін азайту арқылы оны өндіру нысандарында қоршаған ортаға Компанияның әсерін азайту мәселесінде алдыға үлкен қадам болады.

Сексеуілді зерттеу

2020 жылы «КАТКО» сексеуілді зерттеу жұмысын жалғастырды. Компания экологтары зерттеуге арналған бірнеше аумақтарды анықтады, онда олар неғұрлым тиімді деген сұрақты зерттей бастады – көшеттер отырғызу немесе тұқымнан сексеуіл өсіру. Сонымен қатар, олар ақ және қара сексеуілдің ең жақсы қоспасын зерттейді.

Отырғызу мен өсірудің осы әдістерін тестілеу үшін ең кең ауқымдарда кейін орындау мақсатында ауданы 3 200 шаршы шақырым қорғалған аймақ жасалды. Осы бастама «КАТКО» компаниясына оның болашақтағы ағаш отырғызу бағдарламаларын іске асыруға көмектесті.

Биоалуантүрлілікті зерттеу

2020 жылы «КАТКО» өзінің лицензиялық аумағын қамтитын биоалуантүрлілікті зерттеуді бастады. Ол 2021 жылы жалғасын табады және 2010 жылы аяқталған зерттеуді толықтырады, бұл деректерді салыстыруға және биоалуантүрлілікті қорғаудың келесі қадамдарына ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.

Компанияның өндірістік алаңдарында құстар мен сүтқоректілердің 20-ға жуық түрі мен өсімдіктердің 50 түрі тіркелген. Олардың кейбіреулеріне жойылып кету қаупі төніп тұр.

«КАТКО» нысандарында бар ХТҚО Қызыл тізімінен түрлер

Түрлердің атауы	Типі	ХТҚО жіктеуі
Ақбөкен	жануар	жоғалу қауіпі алдында тұр
Селевиния	жануар	деректер жеткіліксіз
Манул	жануар	жоғалу қауіпі алдында тұр
Қарақұйрық	жануар	осал түр
Дала күзен	жануар	аз алаңдаушылықты тудырады
Бүркіт	құс	аз алаңдаушылықты тудырады
Жылан бүркіті	құс	аз алаңдаушылықты тудырады
Дуадақ	құс	қызметкерлер тіркеген осал түр

ТАБИҒАТТЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ – БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ

Электр энергиясын 5 жылдық тұтыну (ГВт•сағ)



Бақылау ұңғымаларынан алынған сынамалар саны



5 жылдық су шығыны (м³)



Жүргізілген химиялық талдаулар саны



5 жылдық отын шығыны (литр)



Көліктегі 5 жылдық парниктік газдар шығарындылары (тонна CO_2 эквивалентінде)



Оңтүстік Төртқұдық учаскесі

Ағаш отырғызу ауданы

Гибралтар

Нью-Йорк қ. Орталық саябағы

Төмендегі кестеде Халықаралық табиғатты қорғау одағының (ХТҚО) Қызыл тізіміне енгізілген осы аймақтарда кездесетін түрлері көрсетілген. Айта кету керек, содан бері қызметкерлер 2010 жылы инвентаризация кезінде байқалмаған, бірақ ХТҚО Қызыл тізіміне Осал топқа жатқызылған үлкен дуадақ (Otis tarda) құсын байқаған.

«КАТКО» лицензиялық аймақтарының маңында биоалуантүрлілік тұрғысынан жоғары құндылыққа ие нақты аймақтар жоқ.

2020 жылы «КАТКО» сонымен қатар «Қызметкерлердің көзімен кеніштердің табиғаты» атты фотосуреттер байқауын ұйымдастырды. Бұл жоба Компанияның өндіріс орындарындағы биоалуантүрлілікті түсінуге көмектесу үшін әзірленген. Жұмысшылар өндіріс орындарының флорасы мен фаунасының жүздеген фотосуреттерін ұсынды. Байқау аяқталғаннан кейін «КАТКО» 10 жеңімпазды анықтап, оларға сыйлықтар табыс етті.

Тарату жоспары

Қазақстанда 2018 жылдың маусымында қабылданған Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы жаңа Кодекске сәйкес, «КАТКО» Төртқұдық және Мойынқұм кен орындары үшін құнарлығын қалпына келтірудің кешенді жобасын әзірледі және мемлекеттік органдардың келісімін алды. Компания осы нұсқаулықтарға сәйкес тарату жобасын әзірлеген және мемлекеттік органдардың келісімін алған Қазақстандағы бірінші уран өндіретін кәсіпорын болды және осы салада қоршаған ортаны қорғау мәселесінде көшбасшы болып табылатындығымен мақтанады.

Жоспарға сәйкес, «КАТКО» пайдалы қазбаларды өндіруді аяқталғаннан кейін ол қолданыстағы барлық қондырғыларды бөлшектеуге және әрбір өндірістік алаңды табиғи және қауіпсіз күйге келтіруге міндеттенеді. Компания жергілікті қоршаған ортамен, соның ішінде жер мен су ресурстарымен өзара әрекеттесудің әрбір кезін анықтау, сонымен қатар қоршаған ортаға және радиацияға әсерін, қауіпсіздіктің негізгі параметрлеріне сәйкес әсерді бағалау үшін өндірістік алаңдарды кең ауқымды зерттеуді жүргізді.

«КАТКО» компаниясының оның операцияларының әсерін жою бойынша міндеттемелері жергілікті нормативтік-құқықтық актілерге, құнарлығын қалпына келтіру бойынша «Orano» нұсқаулықтарына, сонымен қатар атом энергиясы жөніндегі Халықаралық агенттік стандарттарына және басқа да алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге сәйкес әзірленді. Осы бағыттағы Компанияның жұмысы ластануды табиғи жолмен азайту және топырақ радиациясының төмен деңгейі сияқты факторларды өлшеу технологияларын тұрақты жаңартуды қолдайды.

Оңтүстік Төртқұдық өтемді ағаш отырғызу жоспары

Оңтүстік Төртқұдық учаскесінің ауданы шамамен 6 000 гектар жерді құрайды. Қазақстанда жаңа Орман кодексі қабылданғаннан кейін, «КАТКО» осы жобаның аумағынан екі есе үлкен аумаққа сексеуіл мен әр түрлі ағаштар отырғызуға міндеттенеді. Оңтүстік Төртқұдық үшін жер иелігін алу процесі шеңберінде Компания шамамен 12 000 гектар аумақта орман өсіру жоспарын жүзеге асыруда.

Бұл Гибралтар ауданынан шамамен 18 есе үлкен, оның аумағы шамамен 650 га құрайды және Нью-Йорк қаласының Орталық саябағына қарағанда 40 есе көп, оның ауданы шамамен 340 га. Бүгінгі таңда бұл «КАТКО» компаниясына ірі ауқымдарда өз міндеттемелерін орындау үшін сексеуілді өсіру тәсілдерін зерттеу кезінде алынған қолданыстағы білімді қолдану мүмкіндігін беретін Оңтүстік Қазақстандағы ең ірі орман өсіру жобасы.

Орман өсіру процесі жерді түсіруді және топырақтың жарамдылығын талдауды қажет етеді. Бұдан әрі Компания ағаш отырғызу және өсіру бойынша жұмыс жүргізетін болады. Осыдан кейін жер ұзақ мерзімді сақтау мақсатында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен орман шаруашылығы иелерінің басқаруына беріледі.

Жоба 2021 жылы іске қосылады және 5 жыл ішінде аяқталады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҮЛЕС ҚОСУ (ТДМ)

ТДМ 7: ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ

№ 7 БҰҰ тұрақты дамуының мақсаты барлығына қолжетімді, сенімді, тұрақты және заманауи энергияға қол жеткізуді қамтамасыз етуді қарастырады. Бұл мәселе бойынша жаһандық күш-жігерді күшейту қажеттілігінің мысалы ретінде БҰҰ 2017 жыл жағдайына энергияны жалпы тұтынудағы энергияның жаңартылатын көздерінің үлесі барлығы 17 % ғана болғанын атап көрсетеді*.

«КАТКО» өз кәсіпорындарында жаңартылатын энергия көздерін енгізуге және жергілікті қоғамдастықтың тұрақты және қымбат емес энергия көздеріне қол жетімділігін жақсартуға тырысады. Осы сәтте іске асып жатқан жобалардың бірі – барлық өндірістік аумақтарда энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдарды орнату. Сонымен қатар, Компания Сызған ауылына жарықтандыруды орнатты.

2025 жылға қарай «КАТКО» жаңартылатын энергия көздерінің, соның ішінде күн мен жел энергиясының дамуы мен әртүрлілігін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Бұдан басқа, күнмен су жылыту жүйелерін пайдалануды бастау жоспарлануда.

ТДМ 8: ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

№ 8 БҰҰ тұрақты дамуының мақсаты ілгерілемелі, барлығын қамтитын және тұрақты экономикалық өсуге, барлығы үшін толық және өнімді жұмыспен қамтылуға және лайықты жұмысқа көмек көрсетуді қарастырады. БҰҰ мәліметтері бойынша, жаһандық экономикалық өсім COVID-19 пандемиясы Ұлы күйзеліс уақытында ең ауыр экономикалық құлдырауды тудырғанға дейін баяулады*.

«КАТКО» экономикалық өсуді ынталандырудың ең тұрақты тәсілдерінің бірі жергілікті ауылдар тұрғындарына лайықты жұмысты ұсыну болып табылады деп санайды.Компания өз қызметкерлеріне үнемі оқыту мүмкіндіктерін ұсынады, сонымен қатар жергілікті қызметкерлерге жақсы мансапты дамыту үшін ішкі ұтқырлықты пайдалануға мүмкіндік береді. Техникалық және басқарушылық лауазымдардағы гендерлік әртүрлілікке де ерекше назар аударылады.

Жергілікті қоғамдастықтан жаһандық жұмыс күшіне көбірек адамдарды тартуға көмектесу мақсатында «КАТКО» компаниясы Францияда оқу үшін жергілікті шәкірттер үшін шәкіртақы бағдарламасын іске қосты. Бұл әрекет кейін Компанияның осындай төрт студентті жұмысқа қабылдауымен ақталды.

2025 жылға дейін өз үлесін жақсарту мақсатында «КАТКО» қазіргі уақытта өзінің әлеуметтік инвестицияларын басқару саясатын анықтайды. 2020 жылы Компания жергілікті ауылдардың 10 студенттеріне айсайын төленетін шәкіртақы бағдарламасын іске қосты.

ТДМ 9: ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

№ 9 БҰҰ тұрақты дамуының мақсаты тұрақты инфрақұрылымды құруға, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру мен инновацияны дамытуға бағытталған. БҰҰ бағалауы сәйкес ҒЗТКЖ-ға инвестиция 2010 жылы 1,4 трлн АҚШ долларынан 2017 жылы 2,2 трлн долларға дейін өскенінен қарамастан, ұзақ мерзімді тұрақты жаһандық экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін оларды ұлғайту талап етіледі*.

«КАТКО» инновацияларды тұрақтылықты жақсартудың және бәсекелестік артықшылығын арттырудың маңызды әдісі ретінде өзінің барлық операцияларында қолданады. Соңғы жылдары Компания кен орнында өнімділікті арттыру үшін HYTEC көмегімен 3D-модельдеу технологиясын қолдана бастады. Өндірістік алаңдарда операциялардың өнімділігі мен тиімділігін арттыру үшін ағын суларды тазарту жабдығы, сонымен қатар наносүзгіш мембраналар орнатылды. Сонымен қатар «КАТКО» бұрын қалдықтар ретінде жойылған бұрғылау ерітіндісін қайта өңдеу бойынша жаңа технологияны енгізді.

Компанияның 2025 жылға дейінгі жоспарлары болашақтағы барлық ірі жобалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін экологиялық жүйелі бағдарламаны әзірлеуді қамтиды. «КАТКО» сонымен қатар өзінің өндірістік алаңдарында төмен радиоактивті қалдықтарды тазалау үшін үйінді сілтісіздендіру технологиясымен жұмыс істеуде. Сонымен қатар зауыттарда жаңа мембраналық технологияларды, соның ішінде «Оңтүстік Төртқұдық» жаңа жобасын қолдануды кеңейту жоспарлануда.

** Дереккөз: https://unstats.un.org/sdgs/report/2020/*

«КАТКО» компаниясының әлеуметтік тартылуға көзқарасы барлық мүдделі тараптар үшін ашық және тиімді болып табылатын тәсілмен ресурстарды қолдануға шоғырланады. 2010 жылдан бастап Компания жергілікті қауымдастықтарға 1,7 млрд теңгеден аса инвестициялады. 2020 жылы Созақ ауданында 30-дан астам жобаларды, соның ішінде жергілікті білім беру бастамаларын және пандемиямен күресу шараларын іске асыруға қолдау көрсетті.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫСУШЫЛЫҚ

Жергілікті тұрғындарды инвестициялай отыра

Біздің тәсіліміз

Саясат

«КАТКО» – нысандары орналасқан Түркістан облысының Созақ ауданындағы ең ірі жұмыс берушілердің бірі. Жаңа әлеуметтік жобаларды жылжыту мақсатында Компания жергілікті және аймақтық мемлекетті мүдделі тараптармен келісімдерді жасады және жыл сайын олармен жұмысшы топ құрамында кездеседі. Компания өз міндеттерінің шеңберінде жобалар жоспарын бекітеді және жергілікті басқарушылармен тығыз ынтымақтастықта оларды іске асырумен айналысады.

«КАТКО» Созақ ауданының жақын орналасқан елді мекендерімен, соның ішінде Шу, Тасты, Шолаққорған (аудандық орталық) және Таукент ауылдарымен тікелей байланыстарды қолдайды. 2020 жылы Компанияның жоғары басшылығы алдағы бастамалар мен іс-шараларды талқылау үшін жергілікті және аймақтық басшылармен 23 кездесуді ұйымдастырды.

Міндет

«КАТКО» компаниясының міндеті жекелеген тұлғалар мен қауымдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына стратегиялық ұзақ мерзімді инвестициялар салу болып табылады. Компания жергілікті қауымдастық өкілдермен келісу бойынша инвестицияларды талап ететін қажеттіліктерді анықтайды. Мұндай инвестициялар жалпы қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес келуі керек және қолайлы нәтижелерге қол жеткізу үшін қолда бар ресурстарды барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік беруі керек. Әлеуметтік қатысушылық жөніндегі өз қызметін Компания барлық мүдделі тараптарға қатысты ашық және тиімді түрде құрады.

Жобалар қоржыны

Өз құндылықтарына сәйкес жергілікті мүдделі тараптардың қажеттіліктерін барынша жақсы қанағаттандыру үшін, «КАТКО» білім беру, спорт және денсаулық сақтау нысандарын салуға қаражат бөледі. Әлеуметтік саладағы инвестициялардан басқа, Компания ең алдымен, балалардың негізгі қажеттіліктерін (киім немесе дәрі-дәрмектер) қанағаттандыруға және оларды білім беру немесе сауықтыру мекемелеріне (спорттық және жазғы лагерлер) жіберуге демеушілік көрсетуге бағытталған қайырымдылықпен және демеушілік қызметпен айналысады.

Жергілікті сатып алулар

Мүмкіндігіне қарай, Компания жергілікті жеткізушілерден тауарларды және қызметтерді сатып алу арқылы жергілікті экономикаға практикалық және маңызды үлесті қосу үшін барлық күшін салады. «КАТКО» компаниясының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартында қазақстандық өндіріс тауарларын сатып алуға талаптарды қарастырады. 2020 жылы жергілікті қамтуды сатып алу көлемі 17,2 млрд теңгені құрады және тауарлардың (қышқыл, аммиак, бензин, кабельдер, цемент, химикаттар, жуғыш заттар, дизель отыны, электр қуаты, генераторлар, зертханалық жабдық, мотор отыны, жабдыққа арналған қосалқы бөлшектер, құбырлар және қорғаныс құрылғылары) және қызметтердің (тамақтану, тұру, жабдықты және көлік құралдарын қолдау және техникалық қызмет көрсету, оқыту, тіл аудармалары, тасымалдау және медициналық қызметтер) кең спектрінен тұрады.

«КАТКО» тауарларды ары қарай оқшаулау үшін жеткізушілермен жұмыс істеуді жалғастырады, бұл шығындарды қысқартуға, сонымен қатар оның қызметінен көміртегі ізін азайтуға мүмкіндік береді. Бұл сонымен қатар салыстырмалы қымбат емес, жоғары білікті қазақстандық еңбек нарығы және Еуразияның дәл жүрегіндегі географиялық орналасуы арқасында жеткізушілерге де тиімді.

69,9%

2020 ЖЫЛДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ САТЫП АЛУ ҮЛЕСІ

23 800 МЛН ТЕҢГЕ

2020 ЖЫЛДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТКЕ САЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ

2020 жылдағы жетістіктер

Демеушілік және қайырымдылық

2020 жылы «КАТКО» Созақ ауданында 30-дан астам әлеуметтік қайырымдылық жобаларды жүзеге асыруға қаржылық қолдау көрсетті, оның ішінде аз қамтылған отбасы балалары мен халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға 21,2 млн теңге. Сондай-ақ, Компания Созақ ауданында мемлекеттік және ұлттық мерекелерді тойлауға 7,9 млн теңге қайырымдылыққа берді.

Білім беру жобаларын қолдау

Сонымен қатар, «КАТКО» ауданның 10 студентіне ай сайын 50 000 теңгеден шәкіртақы береді. Сондай-ақ, Компания Созақ ауданындағы жергілікті бес мектепте биология, физика, химия және мультимедиа сыныптарын жабдықтауға 75 млн теңге жұмсады.

Арыс қ. қалпына келтіру бойынша шаралар

2019 жылдың маусымында әскери қоймада болған жарылыс Қазақстан Республикасының Түркістан облысындағы «КАТКО» өндірістік алаңдарының жанында орналасқан Арыс қаласына орасан зор шығын әкелді. Қайғылы оқиға мыңдаған жергілікті тұрғындарды эвакуациялауға мәжбүр етті.

Компанияның алты қызметкері Арыс қаласында тұрады. Бақытымызға орай, олар мен олардың отбасылары зардап шеккен жоқ, бірақ олардың үйлеріне қатты зақым келген.

«КАТКО» осы қызметкерлердің әрқайсысына үйлерін қалпына келтіру үшін 1,5 млн теңге бөлді. Сонымен қатар, Компания қаладағы басқа қалпына келтіру жұмыстарын қаржыландыруға 3 млн теңге бөлді. Сонымен қатар, Компания қызметкерлері Арыс қаласының тұрғындарын қолдау үшін жеке қаражат жинауды ұйымдастырды. Барлық жиналған қаражат қаланы қалпына келтіру үшін арнайы мемлекеттік шотқа аударылды.

219 МЛН ТЕҢГЕ

2020 ЖЫЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР СОМАСЫ

«KatcoAthleTour» бағдарламасы

«KatcoAthleTour» бастамасы – бұл Созақ ауданының аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды қолдау үшін ұйымдастырылатын марафонды қоса алғанда, жыл сайынғы спорттық кампания. Компания жыл сайын қызметкерлерге жүгіру, жаяу жүру немесе велосипед тебу арқылы оларды жеңу үшін мақсатты қашықтықтарды белгілейді. 2019 жылы мақсат 10 000 шақырым болса, 2020 жылы 15 000 шақырым болды. 2019 жылдың марафонына «КАТКО» компаниясының 100 астам қызметкерлері, мердігерлер мен «Қазатомөнеркәсіптің» басқа еншілес компаниялары қатысты. 2020 жылы пандемияға байланысты жыл сайынғы марафон тоқтатылды, бірақ «КАТКО» қызметкерлері әлі де жоспарды асыра орындады.

«KatcoAthleTour» бағдарламасы жұмыс істеген алты жыл ішінде қатысушылар 80 000 шақырымнан астам жалпы қашықтықты бағындырды. Жалпы, бағдарлама «КАТКО» компаниясына жеті әлеуметтік жобада демеушілік қолдау көрсетуге мүмкіндік берді. Мысалы, 2019 жылы онлайн білім беру үшін 15 млн теңгеге 100-ге жуық компьютер сатып алынды. Басқа жобаларға жергілікті елді мекендерде 12 спорт алаңының құрылысына демеушілік кіреді, бұл бастама 2021 жылы жалғасын табады.

«КАТКО» Қазақстанның үлкен этникалық алуан түрлілігін көрсететін халықаралық компания болып табылады. 2020 жылы Компания өзінің қызметкерлерді басқару әдістерінің көпшілігін қызметкерлер пандемиямен туындаған жаһандық қиындықтарды жеңуі үшін бейімдеді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жаңа шындыққа бейімделе отырып

13%
ҚАШЫҚТЫҚТА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ (2020 Ж.)

5/25
ЕРКЕК/ӘЙЕЛ
БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ДЕМАЛЫСТАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ (2020 Ж.)

Біздің тәсіліміз

Саясат

«КАТКО» қызметкерлері – бұл бәсекелестіктің маңызды факторы. Компания өз қызметкерлеріне кәсіби дамуды және мансаптық өсу мүмкіндіктерін ұсынады. Оның кадрлық саясаты қызметкерлердің құқықтарын құрметтеуге негізделген, этникалық тиесілігі және жынысы бойынша кемсітусіз тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді, сонымен қатар жергілікті еңбек заңнамасына және халықаралық озық тәжірибеге сәйкес келеді. Өндірістік алаңдарда қызметкерлерге (еркектер мен әйелдер бөлек-бөлек) және мердігерлерге қолайлы санитарлық жайлар және шешу бөлмелері берілген. Компания сонымен қатар өз қызметкерлеріне кез келген ықтимал мәселелерді анықтау мақсатында өз жұмысы туралы құпия пікір беру құқығын береді.

Міндет

«КАТКО» міндеті – адамдарға бағдарлану және оның қызметкерлері компанияның бөлігі болып табылатындығына мақтан етуіне қол жеткізу. «КАТКО» компаниясы ең дарынды қызметкерлерін тарту үшін оны Қазақстандағы үздік жұмыс беруші ретінде тану үшін тынымсыз жұмыс істейді. Бәсекелес жалақыны ұсыну – дарынды жұмысшыларды тарту және ұстау тәсілдерінің бірі.

Табысқа жалпы бейілділік

«КАТКО» компаниясы өз қызметкерлерінен оның миссиясын, көзқарасын және құндылықтарын іске асыруды күтеді. Өз кезегінде, Компания коммуникацияның ашық жүйесімен ашық, шығармашылық және ынталандыру жұмыс орындарын қамтамасыз етеді.

Диалог және кеңес беру қағидаттары ұйым табысына қол жеткізудің негіз қалаушысы болып табылады. Компанияда әрбір 3 жылда қайта қарастырылатын (соңғысына 2018–2019 жж. қол қойылды) қызметкерлердің барлық жеңілдіктерін көрсететін Ұжымдық шарт бар. Қызметкерлер жеңілдіктер, жұмыс шарттары, өтемақы, сонымен қатар денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша олардың аттарынан әрекет ететін өкілдері таңдалады.

2020 жылы «КАТКО» қызметкерлері орта есеппен күніне сегіз сағат жұмыс істеді (2019 жылы сегіз сағат), бұл жағдайда Компания қызметкерлері жалпы 2 078 733 сағат жұмыс істеді (2019 жылы 2 158 722 сағат). Мердігерлер 2020 жылы 1 940 096 сағат (2019 жылы 2 261 308 сағат) жұмыс істеді. 2020 жылдағы жұмыс уақытының аз болуы пандемияға байланысты жұмыстардың кейбір түрлерін тоқтата тұрумен негізделген.

COVID-19 басталғанға дейін Компания «КАТКО» жоғары басшылығының қатысуымен мәселелерді шешу, сондай-ақ қызметкерлерге кез келген жаңалықтар немесе ұйымдық өзгерістер туралы хабарлау үшін еңбек ұжымының өкілдерімен (ЕҮӨ) кездесулер ұйымдастырып отырды. Алайда көптеген адамдар мұндай кездесулерге қатыса алмады. 2020 жылы адам ресурстары дирекциясы мен байланыс қызметі икемділік пен келісімділік деңгейіне мүмкіндік беретін ішкі байланысты жақсарту үшін сандық арналардың әр түрін қолданды.

Жергілікті халықты жұмыспен қамту

«КАТКО» қызметкерлері жергілікті ауыл тұрғындарынан тұрады. Олардың көпшілігі осы ауылдарда бірнеше ұрпақтар бойы тұрады. Қызметкерлердің шамамен 54% бөлігі Созақ ауданынан және 18% Түркістан облысының басқа аудандарынан. Шамамен 55% менеджерлер – жергілікті тұрғындардан шыққан.

Жас әртүрлілігі, 2020



Ұлттық алуантүрлілікті ілгерілету

«КАТКО» жасына және этникалық тобына, ұлты мен жынысына қарай таланттардың әртүрлілігі нағыз бәсекелестік артықшылықтардың бірі және Қазақстанның үлкен ұлттық әртүрлілігін көрсетеді деп санайды. Штатында 20 жуық ұлт өкілдері бар, Компания құрамы мен көзқарасы бойынша шын мәнінде ұлтаралық болып табылады.

«КАТКО» компаниясы барлық жастағы және мансаптың кез келген сатысындағы адамдарды жұмысқа алады. Ол жасы үлкен қызметкерлердің дүниетанымы мен тәжірибелерін, сонымен қатар олардың жас кәсіпқойлар үшін жетекші ретінде болу қабілетін бағалайды. Компания жас көшбасшыларға ұлтаралық көшбасшы командаларда оқу және Францияда және Қазақстанда оқудың бірегей мүмкіндіктерін қолданады.

«КАТКО» дәстүрлі түрде еркек болып саналатын тау-кен өнеркәсібінде үлкен гендерлік теңдікке қол жеткізуге ұмтылады. Компания әйелдердің құқықтарының сақталуын және бала күтімі мен бала күтімі демалысы сияқты екі жынысқа да әсер ететін отбасылық мәселелерді ескере отырып, шешімдер қабылдаудың барлық деңгейінде әйелдерді тартуға тырысады. Осыған байланысты, Компания әйелдердің қазіргі пайызына қарағанда көп пайызын жұмысқа тартуға ниетті. 2020 жылы Компания 179 әйелді жұмыспен қамтыды, олардың жалпы санынан 15% және жоғары басшылық құрамының 30% құрады. Мердігерлер арасында әйелдер саны жергілікті деңгейде жұмыс істейтін 1 292 мердігердің 217 болды. «КАТКО» 2025 жылға қарай басшылық қызметтердегі әйелдер санын 50%-ға дейін жеткізуге міндеттенеді.

Білім беру және біліктілікті арттыру

Өз қызметкерлерінің жынысы мен лауазымына қарамай әрқайсысының әлеуетін барынша іске асыру мүмкіндігін ұсынғысы келетіндіктен, «КАТКО» компаниясы Қазақстанда да, Францияда да оқыту мен біліктілікті көтеруге көп ресурс бөледі.

Мысалы, басқарушы персонал жыл сайын көшбасшыларды даярлау бағдарламасынан, сондай-ақ «Orano» ұйымдастыратын тау-кен қызметінің техникалық аспектілері бойынша даярлықтан өтеді. Осындай бағдарламалардың бірі – Париждегі «Экономикалық және коммерциялық ғылымдардың жоғары мектебі» әлемдік деңгейдегі бизнес-мектебінде «Orano» өткізетін «Новатор» (Change maker) бағдарламасы болып табылады. Осы курс басты қызметкерлерге технологияларды, тәжірибелерді және өзгерістерді басқару әдіснамасын оқытуға бағытталған.

COVID-19 таралуының алдын алу үшін 2020 жылы енгізілген шектеулер тренингтердің көпшілігін онлайн режиміне ауысуды қажет екендігін білдірді. Бұл ішкі тренингтерге, университеттік MBA бағдарламаларына және т. б. әсер етті. Осы қиындықтарға қарамастан, Компания өзінің оқу жоспарын толық көлемде орындауға ұмтылуды жалғастыруда және іс жүзінде 2019 жылы берілген курстардың жалпы санынан асып түсті.

Гендерлік әртүрлілік, 2020 ж.

2020 жылдағы жетістіктер

Қызметкерлерді оқыту

Жалпы алғанда, 2020 жылы «КАТКО» 2019 жылғы 1 099 сағатпен салыстырғанда қызметкерлерге 1 442 сағаттық міндетті оқыту, кәсіптік, коммуникация және шет тілін оқытуды ұсынды. Бұған 874 сағат міндетті оқыту, 336 сағат кәсіптік-техникалық оқыту, 72 сағат коммуникативтік дағдылар бойынша оқыту және 160 сағат шет тілін оқыту кіреді.

2020 жылы Компания жұмыс істейтін көптеген оқу орталықтары онлайн-оқыту өткізе алмады. Адам ресурстары жөніндегі (HR) командасы екінші жартыжылдықтың басында бұл қиындықтарды жеңді, бұл қиын кезеңде «КАТКО» өзінің оқу міндеттемелерін толық орындауға мүмкіндік берді. Оқудың көп бөлігі пандемияның қалған кезеңінде онлайн режимінде жалғасады.

Оқыту түрлері бойынша, 2019–2020 жж.

	2019 жылғы тренингтер	2020 жылғы тренингтер
Міндетті	528	**874**
Кәсіби	292	**336**
Байланыстар	159	**72**
Тіл	120	**160**
ЖИЫНЫ	1 099	**1 442**

Әлеуметтік қолдау түрлері, 2019–2020 жж.

Қызметкерлерге әлеуметтік төлемдер туралы деректерді бөлу	2019 Барлығы, млн теңгемен	2019 Қызметкерлер саны	2020 Барлығы, млн теңгемен	2020 Қызметкерлер саны
Баланың дүниеге келуі	12,65	115	**11,66**	**106**
Үйлену той	2,31	17	**2,32**	**17**
Қаржылық көмек	23,27	21	**8,36**	**13**
Жақын туыстың жерлеу рәсімі	17.52	47	**25.63**	**56**

>98%
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖҰМЫСКЕРЛЕР ҮЛЕСІ

Жетістікті мойындау

«КАТКО» әр деңгейдегі өз қызметкерлерінің адалдығы және идеясымен дамиды және жыл сайынғы байқауларда үздіктерді марапаттайды. 2019 жылы 13 қызметкер марапатқа ие болды, ал 2020 жылы 15 адам еңбегі үшін марапатталды.

Қосымша әлеуметтік қолдау

«КАТКО» компаниясы өзінің барлық қызметкерлеріне жұмыс берушіге қойылатын міндетті талаптардан асатын жеңілдіктер мен көмек көрсете алатындығын мақтан тұтады. Осы жәрдемақыларға жылдық бюджет алдыңғы үш жылға жұмсалған орташа сомадан анықталады. 2020 жылы Компания қызметкерлерге заңнамада белгіленген жеңілдіктерді қолданумен жабуға болмайтын және кері жағдайда олар үшін жеңе алмайтын мәселе болуы мүмкін ірі бір жолғы

Жергілікті қоғамдастықтан жалданатын жұмысшылардың үлесі, 2020 ж

7 САҒАТ
«КАТКО» ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫС КҮНІНІҢ ОРТАША ҰЗАҚТЫҒЫ
(2020 Ж.)

Жалпы жылдық жұмыс уақыты, «КАТКО» қызметкерлері мен мердігерлер (мың)

Этникалық алуантүрлілік, 2020 ж.



шығындарды жабуға мүмкіндік беретін әлеуметті жеңілдіктерге шамамен 26 млн теңге бөлді.

Осы бағдарламаның шеңберінде ішкі комиссия барлық қызметкерлерді қаржыландыру өтінімдерін қарастырады. Мұндай жеңілдіктердің көпшілігі қызметкерлерге баланың туылуына немесе жақын туыстарының жерлеуіне беріледі.

Қызметкерлердің балаларына арналған шәкіртақылар

2020 жылы «КАТКО» қызметкерлерінің балаларына жоғары білім беруді қаржыландыру туралы бастама көтерді. Өткен жылы Компания 18 балаға шәкіртақы тағайындады және бұл жобаны 2021 жылы жалғастыруды жоспарлап отыр. Тегін оқу құқығына ие болу үшін студент үкімет энергетика саласында үлкен сұранысқа ие салада оқуы және көпбалалы отбасынан шыққан болуы керек.

Бұл бастама «КАТКО» компаниясының Қазақстандағы жоғары білімді қаржыландыру жөніндегі міндеттемесіне сәйкес келеді. Компания атом өнеркәсібінде талантты дамыту үшін жетекші университеттермен серіктестік жасау барлық мүдделі тараптарға тиімді деп санайды.

Отбасы күні

«КАТКО» өзінің алғашқы отбасы күнін 2019 жылдың қазанында атап өтті және оны пандемия аяқталғаннан кейін жыл сайынғы іс-шараға айналдыруды жоспарлап отыр. Бұл күні Компанияның өндірістік нысандары бойынша экскурсиялар өткізіліп, өндіріс процесі туралы ақпарат беріледі. Бұл отбасы мүшелеріне жақындарының еңбек жағдайының қауіпсіздігі мен сапасын жеке тексеруге мүмкіндік береді.

Кадрлық резерв

Жас әлеуетті көшбасшыларды анықтау үшін «КАТКО» компаниясы жыл сайын «Назарбаев Университеті», Қазақ Ұлттық техника университеті және Семей қ. Геологиялық барлау колледжі сияқты жетекші техникалық университеттерден шамамен 30 практикантты қабылдайды. Компания оларға баға жетпес жұмыс тәжірибесін береді, содан кейін үздік студенттер оқуын аяқтаған соң жұмысқа қабылданады.

Қызметкерлермен жұмыс істеу жөніндегі бөлім сонымен қатар дарынды менеджерлердің ішкі кадрлық резервін жүргізеді. Осы қызметкерлер болашақта жетекші лауазымдарда жұмыс істеу үшін Компанияның ішінде және «Orano» оқытудан өтеді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҮЛЕС ҚОСУ (ТДМ)

ТДМ 12: ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

№ 12 БҰҰ тұрақты дамуының мақсаты тұтыну мен өндірістің ұтымды модельдеріне өтуді қамтамасыз етуге бағытталған. БҰҰ бағалауына сәйкес, әлемнің табиғи ресурстарды орынсыз қолдануды жалғастыруына қарамастан, жалпы 79 ел және ЕО 2017 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде тұрақты тұтыну және өндіруді жылжыту бойынша кемінде бір саясатты қабылдады*.

Жауапты тұтыну және өндіруді жылжыту бойынша «КАТКО» күш-жігері өндірістік алаңдарда жұмысшылармен сенбіліктерді өткізуден және қалдықтарды жоюдан тұрды. Компания сонымен қатар Созақ ауданының мектептерінде «Экологиялық апталық» бастамасын жүргізуді ұйымдастырады және Сызған ауылында су арнасын жөндеуге көмек көрсетті.

ТДМ 12 шеңберінде «КАТКО» 2025 жылға қарай қолдануға жарамсыз қалдықтарды 25% төмендетуге қол жеткізуді көздейді. Пластик қалдықтарды азайту мақсатында Компания өндіріс алаңдарындағы және Нұр-Сұлтан қаласындағы пластик стақандар мен қапшықтарды биоыдырайтын балама нұсқаларға алмастырады, сонымен қатар кеңіштерде бір рет қолданылатын бөтелкелерді қолдануды қысқартады.

Бұдан басқа, Компания жерасты суларын пайдаланудың неғұрлым тиімді мониторингін енгізуді, сондай-ақ экологиялық таза жуғыш құралдарға көшуді және өндірістік нысандарда суды қайта пайдалануды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, Шолаққорғандағы мектеп оқушыларына арналған қалдықтарды кәдеге жарату мен қайта өңдеу жобасын жүзеге асыру жоспарлануда.

ТДМ 13: КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС

№ 13 БҰҰ тұрақты дамуының мақсаты климаттың өзгеруі мен оның зардаптарымен қарсы күресте шұғыл әрекет етуге шақырады. БҰҰ климаттың өзгеруі 2018 жылы бүкіл әлем бойынша 39 млн астам адам зардап шеккен табиғи апаттардың жиілігі мен ауырлығын арттырып отырғанын айтады*.

Нәзік құрғақ экожүйеде жұмыс жасай отырып, «КАТКО» компаниясы климаттың өзгеруін өз тәжірибесінде бастан кешуде. Бүгінгі күні Компания жаяу жүргінші жолындағы объектіге күн батареяларын орнатқан.

ТДМ 13 шеңберінде 2025 жылға қарай «КАТКО» 1 және 2-санаттағы шығарындыларды 30% төмендетуге қол жеткізуді көздейді.

Жылу сорғы қондырғысын орнату қазандық отынын пайдаланбауға мүмкіндік береді, осылайша «КАТКО» тікелей шығарындыларының төмендеуіне ықпал етеді (1-санат). Осы перспективалы мақсаттарға жетуге бағытталған өзге жобалардан басқа, Компания болашақта энергияның бір бөлігін жаңартылатын көздерден алуға ниетті.

ТДМ 16: БЕЙБІТШІЛІК, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР

№ 16 БҰҰ тұрақты дамуының мақсаты – тұрақты даму үшін бейбіт және ашық қоғам құруға көмектесу, барлығына әділеттілікке қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейдегі тиімді, есепті және кеңінен қатысуға негізделген мекемелерді құру. БҰҰ әлемнің көп бөлігі бұл мәселеде прогреске қол жеткізгенімен, мәселелер әлі де бар екенін айтады*.

«КАТКО» мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас мәселелерінде ашықтық, айқындық және есеп беру қағидаттарын ұстанады. Практикалық мысалдардың бірі жергілікті ауылдардың тұрғындары үшін нысандарда Ашық есік күнін өткізу болып табылады. Компания сонымен қатар мүдделі тараптардың үміттері мен мүддесін жақсы түсіну үшін оларды карталау тәжірибесін енгізді. Сонымен қатар «КАТКО» сыбайлас жемқорлықпен және парақорлықпен күресу бойынша қолданыстағы қазақстандық және француздық заңнаманы (SAPIN II) қатаң сақтайды.

TDM 16 шеңберінде күш-жігерді ары қарай ілгерілету мақсатында Компания 2025 жылға қарай жергілікті тұрғындардың мәселелерін шешу процесін жақсарту үшін шағымдарды беру және қарастыру механизмін енгізуді жоспарлауда. Сонымен қатар әлеуметтік саладағы инвестициялардың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін саясатты енгізу жоспарлануда.

** Дереккөз: https://unstats.un.org/sdgs/report/2020/*

«Жас Өркен» бағдарламасы

2019 жылдан бастап «КАТКО» «Жас Өркен» бағдарламасына қатысады, ол арқылы «Самұрық-Қазына» жас мамандардың дамуына қолдау көрсетеді. Бұл бастама университеттің талантты түлектеріне «Самұрық-Қазына» тобының төрт кәсіпорнында бес айлық ротациядан өтуге мүмкіндік береді. Түлектер жалақы алады, оларға жеке тәлімгер тағайындалады, ал бағдарламаны сәтті аяқтаған жағдайда оларға ары қарай жұмысқа орналастыру ұсынылады.

«Мен «КАТКО» компаниясында алғашқы кәсіби тәжірибемді алғаныма өте қуаныштымын. Мұнда жұмыс істейтін адамдар өте ықыласты және мейірімді. Компанияның өзі өте ірі және байсалды, сондықтан мұнда көп нәрсені білуге болады».

Динара Тулебаева,
«КАТКО» компаниясындағы «Жас Өркен» бағдарламасының қатысушысы

«Үлгілі аймақ» жобасы

2019 жылдың мамыр айында «КАТКО» қайта өңдеу зауытының өндірістік басшылығы «Orano» Корпоративтік кеңсесінің өндірістік даму департаменті берген «Үлгілі аймақ» атағын алды. «КАТКО» мұндай марапатқа ие болған «Orano» Тау-кен Бизнес бөлімшесінің бірінші компаниясы болды. 2020 жылы, зауыттықтар үлгісімен, Компанияның қызмет көрсету және жөндеу дирекциясы Төртқұдық аумағында «Тамаша Мехцех» жобасы сәтті іске асырылды. 2021 жылдың басында жоба бойынша жұмыс «Мойынқұм» аумағында жалғасты.

«Идея зауыттың әрбір қызметкері өзінің жауапкершілік аймағында автономды болатын өндірісті дамыту құралдарын енгізу болды. Біз бұл жобаны «Тамаша Зауыт» («tamasha» – қазақ тілінше керемет) деп атадық. «КАТКО» өндірістік даму тобының қолдауымен біз жобада тоғыз ай бойы көп жұмыс жасадық. Өндірістік даму құралдарын енгізуден басқа, біз өз жұмысымызды жақсарту және қауіпсіз жүргізу үшін бірнеше стандарттарды әзірледік».

Филипп Дюбуа,
«КАТКО» Өндіріс бойынша директоры
(2014–2019 жж.)



«Бұл жетістік басқа дирекциялардағы жұмысшыларды – техникалық қызмет көрсету мен жөндеу және кен дайындау жұмыстары мен өнім алу – өздерінің «Тамаша» жобаларын іске қосуға шабыттандырды.

Ахмед Бенаман,
өндірістік даму басқармасының басшысы
(наурыз-желтоқсан 2019 ж.)

Қашықтан жұмыс жасай отырып, біз жалпы қиындықтарды жеңеміз

«КАТКО» Адам ресурстары жөніндегі дирекциясы (HR) олар мен Компания арасында байланыстырушы буын бола отырып, қызметкерлерге пандемия кезіндегі жұмыс шындығына бейімделуге көмектесуге тырысты. Бүкіл ұйымда адамдар қысыммен ауыр жұмыс жасай алатынын және маңызды өзгерістерді жеңе алатынын көрсетті.

Өндірістік персоналдың көпшілігі жұмыстың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін алаңда физикалық түрде болуы қажет болса, «КАТКО» кен орнында жұмыс істейтін қызметкерлерге үйден жұмыс істеу үшін қажетті жабдықты ұсынды. Қашықтықтан жұмыс істейтін қызметкерлер үшін кадрлық мәселелер бойынша қолдау жаңа тәсілдерді енгізуді талап етті.

«Үйде жұмыс істеудің жақсы жағы – енді кеңсеге барудың қажеті жоқ; сіз жай ғана компьютерді қосып, жұмысқа кірісесіз. Өкінішке орай, бір кемшілік бар – әріптестермен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі аз. Мен кеңседегі достарыммен тікелей қарым-қатынасты қатты сағындым».

Динара Берсалимова, *адам ресурстары жөніндегі бизнес-әріптес*

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгертулер

2020 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне кейбір маңызды өзгерістер енгізілді. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – барлық қазақстандық компаниялар үшін міндетті болып табылатын бірыңғай мемлекеттік мәліметтер базасына қызметкерлермен жасалған барлық келісімшарттардың талаптарын енгізудің жаңа талабы. Қазіргі уақытта Компанияның кадрлық және ақпараттық технологиялар бөлімдері жаңа деректер базасымен ішкі жүйелерді біріктіру бойынша жұмыс жүргізуде.

Тағы бір өзгерту ұйымның өзімен тікелей жұмысқа тұрғызумен қызметкерлермен салыстырғанда бұрын тең емес құқықтары болған мердігерлердің қызметкерлеріне қатысты. «КАТКО» компаниясының мақсаты мердігерлерге штаттық қызметкерлер құқықтарымен салыстырылатын құқықтар мен қорғанысты мердігерлерге ұсыну болып табылады. Компания әлі де мердігерлермен мықты өзара қарым-қатынастарды орнатуға ерекше назар аударады.

«КАТКО» ғылыми-зерттеу жұмыстарына және инновацияларға (ҒЗТКЖ) ерекше назар аударады, бұл уран өндірудің жаңа тәсілін іздеуге және қоршаған ортаға әсерін азайту үшін қозғаушы механизм болып табылады. 2020 жылы Компания соңғы бірнеше жылда жұмыс істеген бірнеше инновациялық жобалардың жартылай өнеркәсіптік және өнеркәсіптік сынақтарын бастады, ал 2020 жылға ҒЗТКЖ шығындары 180 млн теңгеден аса соманы құрады.

ИННОВАЦИЯЛАР

Үздіксіз жетілдіру мәдениетін ұстану

2020 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН
25
БАС ЖОСПАР ЖОБАЛАРЫ

ҒЗТКЖ инвестициялардың жалпы көлемі
(млн теңге)



Біздің тәсіліміз

Саясат
«КАТКО» инновацияларды өз қызметінің басты бөлігі ретінде қарастырады. Оның көп ұлтты командасының техникалық тәжірибесі өндірістік міндеттердің бірегей шешімдерін табуға көмектеседі. Осылай соңғы жылдары Компанияның ғылыми-зерттеу қызметі оның тиімділігін арттыруға және экологиялық шақыруларға жауап беруге көмектесетін технологиялардың әзірлемелеріне аса назар аударады.

Міндет
«КАТКО» компаниясының міндеті еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау бойынша инновациялық жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру арқылы өз қызметінің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру болып табылады.

Озық технологиялар орталықтары
«Orano» және «Казатомөнеркәсіп», ғылыми орталықтары мен штаты бола отырып, сонымен қатар «КАТКО» компаниясын ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін барлық мүмкін техникалық және әдістемелік қолдауды қамтамасыз етеді. Ғылыми орталықтар жаңа материалдарды және химиялық процестерді өнеркәсіптік қолдану бойынша зерттеулерді жүргізеді. «КАТКО» компанияның меншікті физика-химиялық зертханалары 2020 жылы ISO 17025 (2019) жаңартылған сертификатын алды.

Өндірістік алаңдардың құнарлығын қалпына келтіру
«КАТКО» пайдаланылған өндіру аумағының қоршаған ортаға және тұрғындарға әсерін максималды мүмкін болатын төменгі деңгейге дейін шектеу үшін инновациялық шешімдерді іздестіре отырып, кеніштердің құнарлығын қалпына келтіруге аса назар аударады. Бұл үшін Компания Сауран пайдаланылған аумағында су қабатын табиғи қалпына келтіру және төмен радиоактивтік қалдықтарды қалпына келтіру бойынша зерттеуді бақылау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырады.

«Orano Awards» конкурсы

Жыл сайын «Orano» компаниясы Париждегі марапаттау рәсімінде инновациялық жобалар үшін өз тобының мүше компанияларын құрметтеу шарасын өткізеді.
2020 жылы «КАТКО» «Orano Awards» конкурсына бес жобаны жіберді: «COVID-19 қарсы шараларды қабылдау», «Мембраналық қондырғы», «Мобильді концентратор. 2-буын», «Визуалды менеджмент» және «Тамаша Мехцех үлгілі аймағы». Әрбір жоба бизнесті түрлендіруге қабілетті жаңашыл шешімдердің арқасында шақыруларға жауап бере отырып, инновациялық әлеуеттің керемет мысалы болып табылады.

2020 жылдағы жетістіктер

Мембраналық қондырғы жобасы

Десорбаттың (құрамында уран бар ерітінді) нанофильтрациясына арналған мембраналық қондырғы жобасының мақсаты құрамында уран бар ерітінділерді өңдеу кезінде химиялық реагенттерді тұтынуды оңтайландыру болып табылады. Бұл реагенттердің шығынын азайтуға, тасымалдау шығындары құнын азайтуға және кеніштің қызмет ету мерзімі ішінде өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2020 жылы Мойынқұм аумағында мембраналық жабдықтар орнатылды. Ол 2021 жылы күтілетін іске қосылу алдында қабылдау сынағынан өтуде.

Мембраналы технология



Екінші буынның мобильді концентраторы

Әзірленіп жатқан тағы бір жоба – бұл өнімді ерітінділердегі уранның мөлшерін арттыруға мүмкіндік беретін екінші буындағы мобильді концентраторды орнату. Екінші буынның мобильді концентраторы – бұл жұмыстары 2017 жылы басталған бірінші буынды концентраторды жетілдіру бойынша жұмыстардың жалғасы.

2020 жылы жабдықтардың жобалық құжаттары мен техникалық шарттарын әзірлеу аяқталды. 2021 жылдың екінші жартысында Компания құрылысты аяқтап, екінші буын қондырғысын алғаш рет пайдалануға беруді жоспарлап отыр.



Төмен радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу (ТРҚ)

2020 жылы «КАТКО» төмен радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу бойынша ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды жалғастырды. Жобаның мақсаты уран өндіру кезінде радиоактивті ерітінділермен ластанған топырақты залалсыздандырудың химиялық өңдеу технологиясын әзірлеу болып табылады.

Ластанған топырақты өңдеудің екі түрін сынақтан өткізу жоспарлануда: үйінділерді және шанда сілтісіздендіру. Бастапқы сынақтан сәтті өткен жағдайда өнеркәсіптік сынақтардың екінші кезеңіне өту жоспарлануда.

Үйінді сілтісіздендіру – бұл минералды заттарды сіңіретін және басқа жыныстардан бөлінгеннен кейін оларды қайта бөлетін химиялық реакциялар қатарының көмегімен кеннен бағалы металдар, мыс, уран және басқа қосылыстарды алу үшін қолданылатын өнеркәсіптік өндіру процесі. Үйінді сілтісіздендіруді заманауи ірі тау-кен өндіру кәсіпорындары кеңінен қолданады, себебі флотация, араластыру және шанда сілтісіздендіру сияқты дәстүрлі өңдеу әдістерімен салыстырғанда өте төмен бағада концентраттарды алуға мүмкіндік береді.

Шанда сілтісіздендіру кенді, әдетте жіктеу және ұсату кезеңінен кейін, металл ерітіндіге өтетін қоршаған орта температурасында үлкен резервуарларға немесе ыдыстарға салуды қарастырады. Ерітінді резервуардан ағызылады, содан кейін қайтадан ыдысқа айдалады немесе экстракция процесінің келесі сатысына өтеді.

Су қабатын табиғи қалпына келтіру

Бұл жобаның мақсаты ЖҮШ процесінен кейін сулы деңгейжиектердің ластануының табиғи төмендеуін модельдеу болып табылады. Уақыт өте келе сулы деңгейжиектерге ЖҮШ әсерінің табиғи түрде төмендеуі – бұл экологиялық процестердің нәтижесінде пайда болатын ластаушы заттарды топырақтан немесе жер асты суларынан дербес шығару болып табылады. Бұл процесті модельдеу өндіру жұмыстары аяқталғаннан кейін қалпына келтіруді тиімдірек жоспарлауға мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру 2019 жылы басталды, оның соңғы нәтижелері мен есеп 2021 жылы күтіледі.

Цифрлік кеніш

«КАТКО» «Цифрлік кеніш» жобасы бойынша жол картасын әзірледі, оған қазіргі уақытта әр түрлі сатылардағы бірнеше бастамалар кіреді. Бұл жобаларда табиғи уранды барлау мен өндіруге көмектесетін әр түрлі цифрлік технологиялар қолданылады.

2020 жылы Компания 3D-гидродинамикалық модельдеу бойынша екі оқу семинарын ұйымдастырды және алғашқы екі зерттеуді бастады.

Есеп беру кезеңінде «КАТКО» сонымен қатар «Цифрлік кеніш» шеңберінде екі компоненттік жобаны іске асыруда алға жылжыды: LoRa деректерді тарату (алыс қашықтықтарға) және HYTEC қолданумен реактивті 3D-модельдеу. LoRa тіпті өту нашар жерлерде құрылғыларға, датчиктерге және басқа техникалық құралдарға сымсыз қосу мүмкіндігімен арнайы радиотехнологиядан тұрады.

Қазіргі уақыттағы Компанияның маңызды инновациялық жобаларының бірі – HYTEC көмегімен реактивті 3D-модельдеу өндірісті, оның ішінде геология, гидрогеология және металлургияны екі өлшемді және үш өлшемді карталар көмегімен бір модельде өндірісті визуализациялауды қамтамасыз етеді. Бұл технология жоспарлау мен шешім қабылдауды түбегейлі жақсартуға мүмкіндік береді, бұл сайып келгенде жаңа жобалардың пайдалығына оң әсер етеді. 2020 жылы мамандарға технологияларды қолдануды оқытқаннан кейін HYTEC жобасы жаңа операциялық фазаға кірісті.

2021 жылы екі жоба да өңдеу сатысында.

Уран құрамды қыртыстардың стратиграфиясы және седиментологиясы

Бұл жоба «Назарбаев Университетінің» зерттеушілері жүргізетін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді біріктіреді. Жобаның мақсаты құрамында уран кен денелері бар геологиялық қыртыстарды жақсы түсіну болып табылады. Бұл қолданбалы жұмыс қорларды есептеуді жақсартады, сонымен қатар өндіру процесін әлеуетті жеңілдетуге және өндіру бойынша болашақ жұмыстарды жоспарлау стратегиясын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жоба 2021 жылы басталды және ол қолда бар деректерді (мұрағаттық деректерді қоса) жинау мен өңдеуді, далалық бұрғылау мен зерттеу жұмыстарын, керн үлгілерін зерттеу және камералық зерттеулерді қамтиды.

ЕСЕПТІҢ ӘДІСНАМАСЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Есеп туралы

«КАТКО» қазақстандық-француздық бірлескен кәсіпорны» ЖШС («КАТКО») корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы есебі барлық мүдделі тараптарға олардың үміттеріне сәйкес Компания қызметі туралы ақпарат беру мақсатында дайындалған.

Бұл Есеп Компанияның 2019 жылғы 1 қаңтарынан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанына дейінгі қызметінің нәтижелері көрсетеді. Алдыңғы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы есеп 2019 жылы жарияланған болатын және 2017 ж. бастап 2018 ж. дейінгі кезеңді қамтиды.

Маңыздылық матрицасы

«КАТКО» компаниясы ақпаратты барынша тиімді түрде ашуға ұмтылады. Осыған байланысты, бұл есептің құрылымы ашылатын тақырыптардың маңыздылығы бағасының негізінде әзірленген. Маңызды тақырыптар деп біз Компания құнын құру үшін және негізгі мүдделі тараптардың шешім қабылдауы үшін маңызды болып табылатын тақырыптарды түсінеміз. Маңыздылықты талдау «КАТКО» компаниясына әртүрлі тұрақты даму аспектілерінің Компанияның бизнес-процестеріне және құн құруға келтіретін әсерін ескере отырып, өз жұмысын құруға көмектеседі.

Маңыздылықты бағалау келесі негізгі кезеңдерді қамтиды:

- 1-кезең. Компания қызметі үшін өзекті, әлеуетті маңызды тақырыптар шеңбері дайындалды.
- 2-кезең. Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салаларға әсерін бағалау мақсатында құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен және қызметкерлерімен тақырыптар талқыланды.
- 3-кезең. Мүдделі тараптардың үміттерін анықтау және оларға Компанияның жекелеген аспектілерінің әсерін бағалау мақсатында мүдделі тараптардан сауалнама алынды. Қызметкерлер мен акционерлер, сондай-ақ жеткізушілер мен серіктестер, мемлекеттік органдар, ҮЕҰ, халықаралық ҮЕҰ, Шолаққорған, Таукент, Тасты ауылдарындағы жергілікті қауымдастықтардың өкілдері сияқты Компания қызметіне тікелей қатысы бар мүдделі тараптардан сауалнамалар алынды.
- 4-кезең. Мүдделі тараптардың пікіріне және Компания ішіндегі бағаларға сәйкес, төменде көрсетілген Маңыздылық матрицасына тақырыптар белгіленді. Матрицаның оң жақ жоғарғы бөлігінде орналасқан тақырыптар жоғары басымдылыққа ие. Осы есепті дайындау кезінде дәл осы тақырыптардың ашылуына басты назар салынды.

Маңыздылық матрицасы*



** Сары түспен маңызды деп танылған тақырыптар бөлектелген*

GRI индексі

Осы есеп Есептілік жөніндегі Жаһандық бастамалар (GRI) стандарттарын қолдана отырып дайындалды. Сонымен бірге, Стандарттардың ең релевантты көрсеткіштері пайдаланылды, бұл тұрақты даму саласындағы маңызды тақырыптар бойынша ақпаратты барынша ашуға мүмкіндік береді. Есеп GRI стандарттарына толық сәйкес келмесе де, есепте ақпаратты сапалы түрде ашу үшін Стандартпен анықталған негізгі тәсілдер мен ашуға деген қағидаттар қолданылды.

Төмендегі кесте GRI стандарттары бойынша ашуларға негізделген әртүрлі тұрақты даму тақырыптары туралы ақпаратты Есептен табуға көмектеседі.

GRI стандарты	Көрсеткіш	Түсініктеме	Есептегі бет нөмірі
GRI 101 (2016): Негіздер			
GRI 102 (2016): Жалпы ашу			
Ұйым бейіні	102-1	Ұйым атауы	2
	102-2	Қызмет, брендтер, өнімдер және қызметтер	2
	102-3	Ұйым штаб-пәтерінің орналасқан орны	2, 5
	102-4	Нысандардың орналасуы	2, 5
	102-5	Меншік сипаты және ұйымдастыру-құқықтық нысаны	2, 15
	102-6	Ұйым жұмыс істейтін нарықтар	2
	102-7	Ұйым ауқымы	2, 9
	102-8	Қызметкерлер және басқа жұмысшылар туралы ақпарат	9, 49-52
	102-9	Ұйымның жеткізу тізбегі	4
	102-10	Ұйымдағы және жеткізу тізбегіндегі елеулі өзгерістер	м/ж
	102-11	Сақтандыру қағидаты немесе тәсілі	27-33
	102-12	Сыртқы бастамалар	15-18, 45-46
	102-13	Қауымдастықтардағы мүшелігі	20
Стратегия	102-14	Бас директордың жолдауы	6-8
Этика және моральдық қағидаттарды ұстану	102-16	Ұйымның құндылықтары, қағидаттары, стандарттары мен мінез-құлық нормалары	17, 22-23
Корпоративтік басқару	102-18	Ұйымды корпоративтік басқару құрылымы	15-17
	102-22	Жоғары менеджмент және комитеттер құрылымы	15-17
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу	102-41	Ұжымдық шарттар	16, 49
	102-42	Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу қағидаттары	7, 18-20
	102-43	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру тәсілі	18-20
	102-44	Мүдделі тараптар көтерген негізгі тақырыптар мен қауіптер	18-20, 61
Есептілік практикасы	102-46	Есеп мазмұнын және тақырып шекараларын анықтау әдістемесі	IFC
	102-47	Барлық маңызды тақырыптардың тізімі	61
	102-49	Есептіліктегі елеулі өзгерістер	м/ж
Есеп туралы жалпы мәліметтер	102-50	Есеп беру кезеңі	2
	102-51	Алдыңғы есептің жарияланған күні	6

GRI стандарты	Көрсеткіш	Түсініктеме	Есептегі бет нөмірі
	102-52	Есептілік циклі	6
	102-53	Есеп сұрақтары бойынша байланысу тұлғасы	Артқы мұқаба
	102-54	GRI стандарттарына сәйкес есепті дайындау талаптары	61-63
	102-55	GRI көрсеткіштері кестесі	62-63
GRI 103 (2016): Басқару тәсілдері	103-1	Материалдық және шекаралар	61
	103-2	Менеджмент тәсілдері және оның құраушылары	15, 61
Экономикалық тақырыптар			
GRI 201 (2016): Экономикалық нәтижелілік	201-1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	2, 7, 45
GRI 202 (2016): Нарықта болу	202-2	Жергілікті қауымдастықтардан менеджмент үлесі	50
GRI 203 (2016): Тікелей емес экономикалық әсерлер	203-1	Инфрақұрылымға және ақысыз қызметтерге инвестицияларды дамыту	1
GRI 204 (2016): Сатып алу тәжірибесі	204-1	Жергілікті жеткізушілерге шығындар үлесі	45
Экологиялық тақырыптар			
GRI 302 (2016): Энергия	302-1	Ұйым ішінде энергия тұтыну	41
GRI 303 (2018): Су және төгінділер	303-5	Суды пайдалану	41
GRI 305 (2016): Шығарындылар	305-1	Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-санат)	41
GRI 306 (2016): Төгінділер және қалдықтар	306-2	Қолдану түрі мен әдісі бойынша бөлінген қалдықтардың жалпы массасы	38
GRI 307 (2016): Экологиялық талаптарға сәйкестік	307-1	Елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды бұзған үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны	м/ж
Әлеуметтік тақырыптар			
GRI 401 (2016): Жұмыспен қамтылу	401-1	Жаңа қызметкерлерді жалдау	50
GRI 402 (2016): Қызметкерлер мен басшылық қатынасы	402-1	Компаниядағы өзгерістер туралы қызметкерлерді хабардар етудің ең аз мерзімі	м/ж
GRI 403 (2018): Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік	403-1	Еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті басқару жүйесі	33-35
	403-7	Іскерлік қатынастармен тікелей байланысты еңбек қорғауға және қауіпсіздікке әсердің алдын алу және азайту	33-35
	403-9	Өндірістік жарақаттар	33-35
GRI 404 (2016): Дайындық және білім беру	404-1	Бір қызметкерге кететін орташа оқу сағаттарының саны	9, 26, 33-35
	404-2	Дағдылар мен қызметкерлерді дамыту бағдарламалары	33-35
GRI 405 (2016): Алуантүрлілік пен тең мүмкіндіктер	405-1	Басқарушы органдардың құрылымы	50

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы есеп 2020

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.,
Есіл ауданы, Сауран көш., 48
@katcojv
@katco_jv
katco jv

Дизайн: «Казахстаника» ҰБА
Алматы қ., Қожанов көш., 276,
2 блок, 108 офис
+7 727 391 01 13
kazakhstanika.kz

Мазмұны: «Edward Austin Ltd»
4 Old Park Lane, London W1K 1QW
United Kingdom
+44 (0)207 193 4402
info@edward-austin.com